

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Негізгі оқулық

Базалық деңгей



811.512.122(02)

К-12
Р

**Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова**

**«Қазақ тілі»
деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің
Негізгі оқулығы (базалық деңгей) + CD**

Алматы
2013

УДК: 811.512.122
ББК 81.2 Каз
Қ17

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылды.

Авторлар ұжымы:


Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығы
Қ17 (базалық деңгей) + CD. / Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова және
т.б. - Алматы: «Интеллсервис» баспасы, 2013. – 208 б.

ISBN 978-601-7514-04-4

«Қазақ тілі» деңгейлік оқу-әдістемелік кешенінің Негізгі оқулығында **базалық деңгейге** сәйкес іріктелген 11 тақырып пен коммуникативті бағыттағы жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі берілді.

Оқулықтағы оқу материалдары түрлі тақырыптар аясында жүйеленген. Оқулықта күнделікті коммуникативті қарым-қатынаста қолданылатын отбасылық, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіби, ойын-сауық, ресми-іскери мазмұндағы лексиканы және грамматикалық нысандарды меңгерту мақсаттары көзделді.



УДК: 811.512.122
ББК 81.2 Каз

ISBN 978-601-7514-04-4

© ҚР МАМ Тіл комитеті, 2013
© Ж.Қ. Түймебаев, Қ. Қадашева, У.О. Асанова,
Б.Г. Ашықбаева, С.К. Омарова, А.О. Әміржанова, 2013

Тату болсаң, ас көп ...

Көше – қала сәні

Қазақы дастарқан



Денсаулық – зор байлық

Өнерді сүю

Жер байлығы

Түркістан – киелі қала



Табиғат тамашасы

Заманауи киім үлгілері

Ана тілім – байлығым

Ұлы тұлғалар

МАЗМҰНЫ

№	Тақырып	Беті	Грамматикалық минимум	Беті
1	Тату болсаң, ас көп ...	6	Жалпылау есімдігі. Үстеу. Шартты рай. Жекеше. Көпше. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.	160
2	Көше – қала сәні	20	Сілтеу есімдігі. Көптік жалғау. Ауыспалы келер шақ. Жіктік жалғау (көпше түрі).	161
3	Қазақы дастарқан	34	Табыс септік. Есімше. Көсемше. Тұйық етістік.	162
4	Денсаулық – зор байлық	48	Реттік сан есім. Сын есім. Туынды сын есім. Сын есім шырайлары.	163
5	Өнерді сүю	62	Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы. Жедел өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Бұрынғы өткен шақ.	165
6	Жер байлығы	76	Ырықсыз етіс. Сын есімнің шырайлары. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем. Ауыспалы осы шақ (жекеше түрі). Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Есімше.	166
7	Түркістан – киелі қала	92	Қабысу. Көмекші есімдер. Бұрынғы өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі).	168
8	Табиғат тамашасы	104	Бұйрық рай. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі). Көсемше. Жедел өткен шақ. Жіктік жалғау (жекеше, көпше түрі).	169
9	Заманауи киім үлгілері	120	Есімше. Тәуелдік жалғауы. Оңаша тәуелдеу. Қос сөздер. Одағай.	171
10	Ана тілім – байлығым	134	Тұйық етістік. Ырықсыз етіс. Қарсылықты салалас құрмалас сөйлем. Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем.	173
11	Ұлы тұлғалар	148	Қабысу. Меңгеру. Матасу.	174
12				

Тақырыптық оқу сөздігі	Беті
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	175
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	178
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	180
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	183
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	185
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	188
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	191
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	193
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	196
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	199
Тақырыпқа қатысты басым сөздер. Басым сөздерді толықтырушы лексика. Коммуникативтік минимум. Грамматикалық минимум. Танымдық мәліметтер.	201
Отбасы. Ана мен бала. Отан. Туған жер. Денсаулық. Білім, білім алу. Бірлік, сыйластық. Еңбек, еңбекқорлық. Табиғат. Табиғат байлығы. Той, думан, қуаныш. Заман, уақыт. Ас, тағам. Қайырымдылық, мейірімділік.	204



1



ТАТУ БОЛСАҢ, АС КӨП ...



ТАТУ БОЛСАҢ, АС КӨП ...

Сабақ түйіні

- «Отбасы» тақырыбының лексикасы
- Мамандыққа қатысты лексика
- Грамматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

әулет, ұрпақ, ер адам, әйел адам, келін, күйеубала, жезде, әпке, тәте, жиен, шөбере, құда, құдағи, қарт адам, туыс, жасөспірім, жеңге, қайын ата, қайын ене, қайын апа, қайын аға



2. Суретпен жұмыс.

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Отбасы татулығы
- Отбасының қаржы мәселесі
- Әкем мен анамның ұрпақтары

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Тату болсаң, ас көп ...

Біздің отбасымыз тату-тәтті тұрады. Қазақ халқы отбасының татулығына, бірлігіне және бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Қазақ отбасында баланы қарт адамның сөзін бөлмеуге, оны құрметтеуге тәрбиелейді. Үйге келген туыстарды қарсы алып, дастарқанға дәм қоюға үйретеді.

Үйдің қаржысын үнемдеп, дұрыс жұмсауға тәрбиелейді. Егер отбасында бір мәселе туындаса, ол үй ішінде түсіністікпен шешіледі. Біз отбасындағы барлық мәселелерді ақылдасып шешеміз.

Әкем мен анамның ұрпақтары көп. Олар: ұлы, қызы, немересі, шөбересі, жиені. Олардың келіні және күйеубаласы бар. Менің жеңгем мен жездем қайын апалары мен қайын ағаларын сыйлайды және оларды құрметтейді.

Әкем мен анамның немерелері, шөберелері, жиендері көп. Олардың есімдерін де өздері қойған. Жасы ұзақ болсын деген ниетпен немерелеріне Жанұзақ, Өмірбай деген есімдер берген. Еліміздің белгілі тұлғасы болсын деген ниетпен шөберелерін Абай, Шоқан деп атаған. Ал жиендеріне Гауһар, Күміс деген асыл тастардың аттарын берген.

Менің ата-анам құдасы мен құдағиларын сыйлайды. Біз мереке күндері бір-бірімізді қонаққа шақырып тұрамыз.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІН

*ұрпақ, қағида,
құда, құдағи,
жиен, келін,
күйеубала*

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.
2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тыңдап, оқимыз.
2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Қазақ отбасында баланы қалай тәрбиелейді?
- Оның ата-анасының ұрпақтары кімдер?
- Қазақ есімдері қандай мағынаны білдіреді?
- ”Қайын жұрт” дегенді қалай түсінесіз?

Грамматика

7. Мәтін бойынша сөйлемдерді толықтырыңыздар.

Үлгі: *Егер отбасында бір мәселе туындаса, ол үй ішінде түсіністікпен шешіледі.*

- 1) Қазақ халқы отбасының татулығына, бірлігіне, бала тәрбиесіне _____ көңіл бөледі.
- 2) Біз отбасындағы _____ мәселелерді ақылдасып шешеміз.
- 3) Әкем мен анамның _____, _____, _____, _____, _____ көп.
- 4) Менің ата-анам _____ мен _____ сыйлайды.

8. Сөздердің синонимін табыңыздар.

- 1) барлық, _____
- 2) ерекше, _____
- 3) сыйлайды, _____
- 4) мереке, _____

Пікірталас

- 9.
- **Топтық жұмыс.**

Талқылау: Отбасындағы маңызды мәселе – бала тәрбиесі.

Ән шумағын тыңдаймыз

10. Кітаптың бетін жауып, әнді тыңдаңыздар.

- **Кітаптың бетін ашып, бағанада берілген сөздердің дұрыс нұсқасын қойып оқыңыздар.**
- **Әнді қайталап оқыңыздар. Сөздерді дұрыс қойдыңыздар ма? Өздеріңізді тексеріңіздер.**
- **Өлең шумағын тыңдаңыздар. Қажетті сөздерді орнына қойыңыздар.**

Әні мен сөзі: М.Тіналиндікі

Орындаған: Б.Ибрагимов

Шілдехана

Шілдехана, _____,
Тұсау кесер, сүндет той,

Ай, шіркін-ай, құда түсу, сырға салу,
Беташарым-ай!

Алтыбақан аясында сұлу _____,
Қыз-бозбала _____ даланы
_____ елтіп тербеткен.

*бесік той/үйлену
бойжеткен/ару
кең/байтақ
әніменен/назымен*

11. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әннің сөзін жазған кім?
2. Әннің сазын жазған кім?
3. Әнді кім орындайды?

Сөйлейміз

- 12.
1. Ән шумағы бойынша сұхбат құрыңыздар.
 2. Ән шумағын естеріңе сақтаңыздар.
 3. Әнді музыкасымен айтыңыздар.

13. Мәтінді оқыңыздар.

Мамандық

Менің әкемнің мамандығы – бағдарламашы. Ол – фирма қызметкері. Шешем – заңгер. Ол – мемлекеттік қызметші, еңбекақысы – 75 мың теңге. Үлкен ағамның мамандығы – сәулетші. Ол – қала ғимараттарының сәулетін көркемдеумен айналысады.

Ата-анамның кіші келінінің аты – Күнсая. Ол – «Опера-балет» театрының әншісі. Екінші ағам – әртіс. Әпкем – тіл үйретуші. Мен өзім жоғары оқу орнында оқимын.

Біздің әулетіміздің қаржысы өзімізге жеткілікті, себебі біз үнемдеп жұмсаймыз.

Жазамыз

14. Монологті диалог түрінде жазыңыздар.

- Мамандық туралы
- Отбасы қаржысы жөнінде
- Туыстық атауларын қолдану

15. Өз отбасыңызда бір апталық азық-түлік сатып алу үшін қанша қаржы жұмсалатынын көрсетіңіз.

ет тағамдары

көкөніс,
жемістер

ұн тағамдары

сүт
тағамдары

16. Сөйлеу әдебін қатыстырып, шағын сұхбат құрыңыздар.

- Сіздің отбасыңызда өткізілген тойлар: дәстүрлі тойлар, салтанатты тойлар.

1	Бүгін менің үйлену тойым болады.	Қаз-қаз балам, қаз балам... Қадамың құтты болсын!
2	Тұсаукесер тойына шақырды.	Құттықтаймын! Міне, менің байғазым.
3	1 қыркүйек – Білім күні.	Құтты болсын! Оқу – білім бұлағы, білім – өмір шырағы.
4	Сізді әкемнің 50 жылдық мерейтойына шақырамын.	Құттықтаймын! Бақытты болыңдар!
5	Мен “Болашақ” грантын жеңіп алдым.	Білім күнімен құттықтаймын!
6	Міне, менің дипломым.	Шақырғаның үшін алғысымды білдіремін! Міндетті түрде келемін.

Оқимыз

17. Сұхбатты оқыңыздар.

Жоғары оқу орнының түлегі

Гүлназ: – Менің әпкем Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін бітірді.

Демир: – Құттықтаймын! Қызыл дипломға аяқтады ма?

Гүлназ: – Иә, енді магистратураға барады.

Демир: – Ол магистратурада неше жыл оқиды?

Гүлназ: – Ол ғылыми-педагогикалық магистратураны таңдап алды. Онда екі жыл оқиды.

Демир: – Әпкең кім болғысы келеді?

Гүлназ: – Ол екі жылдан кейін менеджмент магистрі болғысы келеді.

Демир: – Ал мен «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантын жеңіп алдым.

Гүлназ: – Жарайсың, Демир. Құтты болсын!

18. Сөйлемді оқып, тырнақшамен берілген сөз тіркесінің мағынасын түсіндіріңіздер.

Тырнақшаның қойылу себебін айтыңыздар.

Демир «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантын жеңіп алды.
Асыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураға түсті.

19. Жоғарыда берілген сөйлемдерді болымсыз түрде жазыңыздар.

20. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыздар.

Демир «Үздік оқытушы» мемлекеттік грантын жеңіп алды.
Асыл «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураға түсті.
Менің әпкем Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетін бітірді.

Жазамыз

21. Төмендегі құрылым бойынша сөйлем құрыңыздар.

	Зат есім	Қалау рай
Менің Сенің Сіздің Оның	тілді олимпиада жеңімпазы «Үздік оқытушы» грантын магистратураға	түскісі келеді жеңіп алғыңыз келеді үйренгім келеді болғың келеді

Оқимыз

22. Мәтінді оқыңыздар.

Бесікке салу дәстүрі

Бала қырқынан шыққан соң атасы мен әжесі немесе әке-шешесі туыстарын жинап, баланы бесікке салу тойын жасайды. Халқымызда бесік – киелі зат. Ол сәбидің алтын ұясы болып саналады. Баланы бесікке салуды жасы үлкен, ақылды, балалалары көп адамға тапсырған. Бесікке салушы шашуға әкелген құрт-май, ірімшік, бауырсақ, қант-кәмпит, күміс ақшаны тойға келгендерге үлестіреді. Баланы бесікке бөлеп, бесіктің үстіне жеті түрлі зат жабады. Бесік жыры айтылады. Бесікке салу дастарканы жасалып, ән айтылады, тілек бата беріледі.

Жазамыз

23. Абзацтарды реттеңіздер.

Төменде берілген тақырыпшалардың екеуі артық.

Бесік – киелі зат
Тілек-бата.
Бесікке бөлеу – ерекше дәстүр
Бесік жыры
Шашу
Жеті бағалы зат

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

Лексикалық қор

24. Кестені толтырыңыздар.

№	Сәби, нәрестеге қатысты өздеріңіз білетін сөздерді жазыңыздар	Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер
1	Бесік	– жас нәрестеге арналған ағаш төсек – сәбиді ағаш бесікке жатқызу, баланы бесікке бөлеу – ізгі тілектер, бата беру, құттықтау сөз
2	_____	
3	_____	

Жазамыз

25. Сәйкестендіріңіздер.

бесік
маңызды
сәбидің
тілек-бата
қазақ

дәстүр
алтын ұясы
беріледі
халқы
киелі зат

Сөйлейміз

26. Төмендегі берілген сөздерді пайдаланып, бірнеше сұхбат құрыңыздар.

Нәрестенің бауы берік болсын!



1.
 - Дүниеге келу
 - Ат қою
 - Бесікке салу
 - Жеті бағалы зат жабу
 - Тілек айту

2.

- Үй сатып алу
- Той жасау
- Сыйлық әкелу
- Көрімдік беру
- Жиһаз сатып алу



Қоныстой құтты болсын!

3.

- Мерейтойға шақыру
- Қонақтарды қарсы алу
- Сыйлық беру
- Дастарқан жасау
- Гүл сыйлау



Мерейтой құтты болсын!

Оқимыз

27. Мәтінді оқып, абзацтарын анықтаңыздар. Мәтінді қалай атауға болады?

Отбасы – шағын мемлекет. Оның өз қаржысы мен дәстүрі болады. Отбасында ынтымақ, бірлік, татулық болу керек. Әр отбасы ата-бабаларынан қалған дәстүрді жалғастырады. Қазақ отбасында анаға қарап қыз өссе, әкеге қарап ұл өседі. Ата-анасы өз балаларына үлгі, өнеге болады. Балаларын үлкендерді құрметтеуге, кішілерді ренжітпеуге үйретеді. Қазақ отбасы қонақтарын да ерекше сыйлайды. Ата-анамның бауырлары мен туыстары тату тұрады. Олар үнемі бір-біріне көмектесіп отырады.

28. Рөлге бөліп оқыңыздар. Туыстарыңыздың мамандықтары туралы әңгімелесіңіздер.

Асқар: – Біздің отбасымызда той болады.

Мақсат: – Ол қандай той?

Асқар: – Шілдехана тойы. Әпкем мен жездем сәбилі болды.

Мұрат: – Бауырларың, туыстарың келе ме?

Ольга: – Жездең мен әпкең қайда жұмыс істейді?

Асқар: – Жездем – сәулетші, ал әпкем – заңгер.

Саша: – Менің әпкем де заңгер, ал жездем – жазушы.

Айсәуле: – Менің нағашы ағам – әнші.

Асқар: – Ал менің ағам – құрылысшы.

Ол Астанада жұмыс істейді.

Мақсат: – Ағаң шілдехана тойына келе ме?

Асқар: – Иә, ол шілдехана тойына келеді.

Жазамыз

29. Сөздердің синонимдерін табыңыздар. Синонимдермен сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: *Мамандық түрлері өте көп.*

1. кәсіп
2. қаржы
3. той
4. еңбекақы
5. туыс
6. нәресте

1. ақша
2. перзент
3. мамандық
4. ағайын
5. мейрам
6. жалақы

Сөйлейміз

30. Төмендегі үлгіге қарап, диалог құрыңыздар. Жалқы есімдерді естеріңізге сақтаңыздар.

Танысу

- Құрметті ханымдар, танысайық! Сенің атың кім?
- Менің есімім – Жібек.
- Есімің қандай әдемі! «Жібек» деген сөз нені білдіреді?
- «Жібек» сөзі – матаның атауы.
- Менің атым – Раушан. Раушан – гүлдің аты.
- Ал менің атым – Алтын. Алтын – бағалы металдың атауы.
- Сенің атың Күмісжан емес пе?
- Иә, Күмісжан. Күміс те металл атауы ғой!
- Тамаша! Біздің ұжымымызда тағы кімдер бар?
- Гауһар, Маржан, Алмас бар.
- Олардың аттары да асыл тастардың атын білдіре ме?
- Иә, олардың есімдері – асыл тас атаулары.

Жазамыз

31. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып жазыңыздар.

Отбасы... ынтымақ, бірлік, татулық болу керек. Әр отбасы ата-бабалары... қалған дәстүр... жалғастырады. Қазақ отбасы... ана... қарап қыз өссе, әке... қарап ұл өседі. Ата-анасы өз балалары... үлгі, өнеге болады. Балалары... үлкендер... құрметтеуге, кішілер... ренжітпеуге үйретеді. Қазақ отбасы қонақтар... да ерекше сыйлайды. Бауырлар... мен туыстар... тату тұрады, бір-бірі... үнемі көмектеседі.

32. Пікірталас

1. Отбасына келіп түскен қаржы қалай жұмсалады?
2. Үйдегі қаржыны үнемдеп жұмсаған дұрыс па?

ЖАЗЫЛЫМ

33. Жалпылау есімдіктерін үлгі бойынша сөздермен тіркестіріп үйреніңіздер.

Үлгі: бәрі келді, барлығы отыр, бүкіл халық,
күллі адам, бар күшімен

бәрі _____, барлығы _____, бүкіл _____, күллі _____, бар _____

Керекті сөздер: жазды, оқып отыр, тіл үйренуші, халық, ынтасымен

34. Үстеулерді тауып, сұрақтарын анықтаңыздар.

1. Әкем мен анам отбасы мәселесін бірге шешеді.
2. Жаздыгүні әпкем мен жездем бізге қонаққа келеді.
3. Ағам ақшасын аздап жұмсады.
4. Бүгін күн жылы болды.
5. Ертең концерт болады.
6. Ең үздік тіл үйренушіге сыйлық берілді.
7. Мен биыл Алматыға барамын.
8. Мақсат сұрақтарға әзер жауап берді.

35.

І жақтағы етістіктің шартты райын II, III жаққа қойып жазыңыздар.

Үлгі:	I. Мен тату бол+са+м	I. Біз тату бол+са+қ
	II. Сен тату бол+са+ң	II. Сендер тату бол+са+ң+дар
	II. Сіз тату бол+са+ңыз	II. Сіздер тату бол+са+ңыз+дар
	III. Ол тату бол+са	III. Олар тату бол+са

Шартты рай тұлғасындағы етістіктер: еңбектенсем, үнемдесем, дұрыс жұмсасақ, көңіл бөлсек, ақылдассақ, әзірлесек, шақырсақ

36. Сөйлем соңындағы етістікке шартты райдың жұрнағы мен жіктік жалғауын жалғаңыздар

Үлгі: Егер ағайын тату бол+са, ас көп болады.

- 1) Егер туыстарым қонаққа кел+....., дастарқан жаямыз.
- 2) Егер мен жақсы еңбек ет+....., білікті маман боламын.
- 3) Егер сен отбасы қаржысын үнемде+....., дастарқаның бай болады.
- 4) Егер біз ақшамызды дұрыс жұмса+....., осы айда соңғы үлгідегі теледидар сатып аламыз.
- 5) Егер қонақтарды бүгін шақыр+....., ертең театрға барамыз.

37. Төменде берілген етістіктердің қосымшаларын анықтаңыздар.

Үлгі: Сыйла+са+м
-са – шартты рай жұрнағы
-м – жіктік жалғауының I жағы

Оқысаңыз _____, үнемдесек _____, қарсы алсақ _____, әзірлесендер _____, берсеңіздер _____, ат қойсаңдар _____, киінсеңіздер _____, тұрсақ _____, көрсем _____, барсаңыз _____, көңіл бөлсең _____, үйленсе _____

38. Сөйлем арасына *өйткені, себебі* шылауларының біреуін қойып жазыңыздар.

1. Бүгін тіл үйретуші сабаққа келмеді, _____ ауырып қалды.
2. Келіні мен күйеубаласы тойға келе алмады, _____ жаңа туған кішкентай сәбиі бар.
3. Мақсат көп азық-түлік ала алмады, _____ ақшасы аз болды.
4. Оның қаржысы жетпей қалды, _____ ол осы айда ақшасын үнемдеді.
5. Бағдарламашы уақытында тапсырманы орындай алмады, _____ оның компьютері жұмыс істемей қалды.
6. Менің шілдехана тойына баруға уақытым болмады, _____ жұмысым көп болды.

39. Сурет бойынша таныс сөздерді қатыстырып, сөйлем құрып жазыңыздар.



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Американдық ғалым «Қазақ елі» туралы кітап жазбақшы болды. Ол үшін көп тарихи кітаптарды оқыды және жергілікті тұрғындармен кездескісі келді. Қазақ отбасының салт-дәстүрімен жақын танысты. Ол үлкенді сыйлау, құрметтеу, бір-біріне көмектесу және бауырмал болу қазақ отбасының негізгі қазығы екендігін түсінді. Осы тақырыпша мазмұнынан алған ақпаратыңызды эссе түрінде жазыңыз.



2

КӨШЕ – ҚАЛА СӘНІ





Сабақ түйіні

- Қала көшелері мен даңғылдарына қатысты басым лексика
- Көше бойындағы ғимараттар мен ескерткіштер, қаланың көрікті жерлері
- Грамматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

көлік, орын, қалалық көлік, аялдама, әуежай, теміржол, стансы, пошта, сарай, мешіт, шіркеу, гүлзар, тасжол, көпір, даңғыл, көше, табиғат, саябақ, қорық, көрікті жер, алаң

**2. Суретпен жұмыс.**

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Алматы қаласына сапар шегу
- Алматы – арман қала
- Алматы – сәулет өнерінің үлгісі

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Көше – қала сәні

Жанна мен Алиса мереке күндері Алматыға баруды жоспарлады. Олар аялдамаға келіп, автобуска отырды. Теміржол стансысына келді. Алматыға билет сатып алды. Электронды поштамен алматылық достарына хат жіберді. Жүрдек пойызға отырды. Олар Алматыға келіп, қалалық көлікке мінді. Автобуста келе жатып, Халық банкінің оң жағында орналасқан мешітті көрді. Мешіттің сұлу сәулетін тамашалады.

Келесі күні Жанна мен Алиса Алматыны аралап, қыдырғысы келді. Міне, олардың достары Мейрамбек пен Руслан да келді. Олар Жанна мен Алисаны жеңіл машинаға отырғызып, қаланы аралатты. Руслан өзінің туған қаласын таныстырып келеді.

– Мынау, – деді ол, – Абай ескерткіші. Бұл – қаланың бас көшесі. Ал анау – Алатау. Бұл – Неке сарайы. Сонау тұрған – М.Әуезов атындағы драма театры, – деді ол. Өне – Ұлттық кітапхана. Міне – Республика сарайы. Ал анау – гүлзар. Руслан әсем Алматының әр көшесін, әр ғимаратын жақсы біледі екен.

Олар ертең Алматы жанындағы атақты тау-шаңғылық курорты Шымбұлаққа баруды жоспарлады.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

*гүлзар
неке сарайы
көшенің бойында
оң жағында
сол жағында*

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.

2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тыңдап, оқыңыздар.

2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Жанна мен Алиса Алматыға қалай жетті?
- Олар Алматы көшесін немен аралады?
- Руслан туған қаласын қалай таныстырды?
- Алматы қандай қала?

Грамматика

7. Сілтеу есімдіктерін оқыңыздар. Анықтаңыздар.

Сілтеу есімдіктері қалай берілген? Дұрыс па?

бұл, мынау, міне, ол, сол, өне, анау, сонау

8. Адам аттарын септеңіздер.

Кім?	Жанна	Алиса	Руслан	Мейрамбек
Кімнің?	Жаннаның
Кімге?	Жаннаға
Кімді?	Жаннаны
Кімде?	Жаннада
Кімнен?	Жаннадан
Кіммен?	Жаннамен

Пікірталас

9. Топтық жұмыс.

Талқылау: Қала тазалығы мәселесі

Ән шумағын тыңдаймыз

10. Бұрын сіздер көше туралы ән естідіңіздер ме? Қандай әндерді білесіздер?

- Кітаптың бетін жауып, әнді тыңдаңыздар.
- Кітаптың бетін ашып, бағанада берілген сөздердің дұрыс нұсқасын қойып оқыңыздар.
- Әнді қайталап оқыңыздар. Сөздерді дұрыс қойдыңыздар ма? Өздеріңізді тексеріңіздер. Өлең шумағын тыңдаңыздар. Қажетті сөздерді орнына қойыңыздар.

Әні: М.Сағатаевтікі

Сөзі: Н.Әлімқұловтікі

Орындайтын: Е. Хасанғалиев

Алматым менің

тұр/жүр
алтын/ күміс
көріп/көп аралап
көшесінде/
/даңғылында

бақшасы/бағы
дәмі/ащы
қыздар/арулар
Раушандай/
/Баяндай

Алматыда _____ алаулап,
_____ нұры айдың.
Жүрдің бе сен _____,
_____ Абайдың.
Алматының _____ қандай?
Алмасының _____ балдай.
Алма дидар _____.
Қыз Жібек пен _____.

11. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әннің сөзін жазған кім?
2. Әннің сазын жазған кім?
3. Әнді кім орындайды?

12. Синонимдерді есте сақтаңыздар.

нұр	жүзі
аралау	қарау
дидар	сәуле
көру	кезу

13. Әнді қайталап оқыңыздар. Сөздерді дұрыс қойдыңыздар ма? Өздеріңізді тексеріңіздер.

Сөйлеміз

14. Ән шумағы бойынша сұхбат құрыңыздар.

1. – Сіздің қалаңызда /ауылыңызда/ Абай көшесі бар ма?
— _____.
2. – Қыз Жібек пен Баян сұлу кімдер? Сендер «Қыз Жібек» фильмін көрдіңіздер ме?
— _____.
3. – Сіздің қалаңыздың /ауылыңыздың/ табиғаты қандай?
— _____.

15. Әнді музыкасымен айтыңыздар.

Оқимыз

16. Мәтінді оқыңыздар.

Даңғыл

Қала бар жерде көше де, даңғыл да бар. Қала көшелері мен даңғылдарына қоғам қайраткерлері мен белгілі ғалымдар, жазушылар, әншілердің есімдері берілген. Үлкен қалалардағы даңғылдар мен көшелердің бойында көп қабатты ғимараттар, аландар, гүлзарлар, тасжолдар, көпірлер, аялдамалар, мешіттер және шіркеулер орналасқан. Олар қалаға көрік береді.

Астанадағы Абылай хан даңғылын, Жамбыл саябағын, Қорғалжын тасжолын қалалықтардың барлығы біледі. Жамбыл саябағына қала халқы жиі барып тұрады.

Даңғылдың бойында даңғылдың атауы жазылған маңдайшалар бар. Маңдайшаларда «Достық даңғылы», «Республика даңғылы», «Жеңіс даңғылы» атаулары жазылған. Даңғылдың оң жағы мен сол жағына жарнамалар жазылған баннерлер ілінген. Біздің қаламызда таяу арада үлкен көпір салынды.



17. Мәтіннен жалқы және жалпы есімдерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: *Достық, _____, _____, _____, _____,*
Абылай хан, _____, _____, _____

18. Сөздерге көптік жалғауын жалғаңыздар.

Үлгі: *даңғыл + даң*

алаң + ...	мешіт + ...
гүлзар + ...	шіркеу + ...
тасжол + ...	сарай + ...
көлік + ...	стансы + ...
аялдама + ...	әуежай + ...
теміржол + ...	көше + ...

19. «Менің көшем» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыздар.

20. Сұхбатты оқыңыздар.

Қысқы демалыс

- Асқар:* – Сәлем, Олег!
Олег: – Сәлеметсің бе, Асқар?
Асқар: – Олег, қысқы демалыста қайда барасың?
Олег: – Мен қысқы демалысымда Шымбұлаққа барып, шаңғы тебемін.
Асқар: – Олег, оған қалай барасың? Жолдамаң бар ма?
Олег: – Иә, тау-шаңғылық демалыс орнына жолдамам бар.
Асқар: – Жолдаманы қайдан алдың?
Олег: – Туристік фирмадан алдым.
Асқар: – Жолың болсын! Жақсы демалып қайт.
Олег: – Рақмет!
Асқар: – Сау бол!
Олег: – Сау бол!

21. Сіздің танысыңыз туристік сапармен Қазақстанға келіп қайтқысы келеді. Қандай кеңес бересіз?

1. Шарын шатқалына саяхат жасау.
2. А.Йасауи кесенесіндегі Тайқазанды көру.
3. Бәйтеректі тамашалау.
4. «Медеу» мұзайдынында конькимен сырғанау.



ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН

Шымбұлақта демалу, шаңғы тебу, демалыс орны, жолдама беру, туристік фирма

22. Сәйкестендіріңіздер, сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: *Мен велосипед тебемін.*

1. Шаңғы

Доп

Коньки

Шана

Велосипед

тебеді

2. Шымбұлақта

Медеуде

Демалыс орнында

Тауда

Қонақ үйде

демалады

23.

Серуендеу, таза ауамен демалу, шаңғы тебу, жолдама алу сөздері мен сөз тіркестерін бұйрық райда жазыңыздар. Сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: *серуендейін, серуенде, серуендеңіз, серуендесін*

Сіз демалыс күндері саябақта серуендеңіз.

Лексикалық қор

24. Кестені толтырыңыздар.

Туризм, саяхатқа қатысты өздеріңіз білетін сөздерді жазыңыздар	Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер
<p>Қорық</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p>– сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар қорғалатын жер.</p> <p>– конькимен сырғанақ тебу үшін арнайы жасалған алаң.</p> <p>– сапарға шығып бара жатқан адамға айтылатын тілек сөз.</p> <p>– белгілі бір бағдарға жасалатын ұжымдық саяхат.</p>

Газет – журнал оқып үйренеміз!

25. Мәтінді оқыңыздар.

“Шымбұлақ” тау-шаңғы курорты

“Шымбұлақ” тау-шаңғы курорты – Іле Алатауы шатқалында 2510 метр биіктікте орналасқан. Бұл жерден таудың әдемі көріністерін көруге болады. Шымбұлақты желтоқсаннан сәуір мезгі-



ЕСІНІЗДЕ ЖҮРСІНІ

шипажай-курорт
шатқал
арқан жол
балалар алаңы
шуақты күн
көтермелер
асу

ліне дейін қар басып жатады. Таудағы қардың ұзақ уақыт жатуы туристерді қызықтырады. Тау-шаңғы спортын жақсы көретіндерді тау баурайлары мен шаңғы трассалары, тау-шаңғы аспалы жолы қуанта алады.

Балаларын алып келетін туристерге ыңғайлы болу үшін, шипажайда “бэби-лифт” – көтергіші бар балалар алаңы салынған. Курортта қонақүй, мейрамхана, боулинг және сауна моншасы бар.

Шуақты күндері Шымбұлаққа мыңдаған демалушылар ағылып келіп жатады. Отырғышы бар көтермелермен Талғар асуына шығуға болады. Бұл кәсіби шаңғышылардың ұнататын жері, өйткені мұнда асудан түсетін жер өте биік. Талғар асуынан альпинистер шыңдарды бағындырады.

(Интернет материалынан)

Жазамыз

26. Мына сұрақтарға жауап беріңіздер. Жазыңыздар.

- Шымбұлақ қайда орналасқан?
- Туристерді Шымбұлақ курорты нелерімен қызықтырады?
- Шымбұлақтағы ауа райының ерекшеліктері қандай?

Ауызекі сөйлеу өрнектері

27. Сұхбат құрыңыздар.

Шымбұлақ – әлемге әйгілі тау-шаңғылық курорты.

Интернеттен оқыдым

Қазақстанда атақты «Медеу» мұзайдыны бар. Ол биік тауда орналасқан.

Мен былтыр Бурабайда әріптестеріммен демалдым. Бурабай – Қазақстанның ең көрікті жері.

Оны қайдан білдің?

Қазақстанда тағы қандай демалыс орындары бар?

Мен Бурабай курорты жайлы оқығанмын. Суреттерін де көрдім.

Мен де жаз айында Бурабайға демалуға барамын.



28. Телефон арқылы әңгімелесу.

- Бану:* – Алло, сәлеметсіз бе? Бұл Алматыдағы «Қазақстан» қонақүйі ме?
- Әкімші:* – Алло, мен тыңдап тұрмын. Бұл – «Қазақстан» қонақүйі.
- Бану:* – Сіздерде бос бөлме бар ма?
- Әкімші:* – Иә, бар. Сізге неше кісілік бөлме керек?
- Бану:* – Маған бір кісілік бөлме керек. Бөлмеде арналы теледидар бар ма? Интернет желісі қосылған ба?
- Әкімші:* – Біздің қонақүй бес жұлдызды. Мұнда барлығы да бар.
- Бану:* – Қонақ үйге шілде айының оны мен жиырмасының аралығына тапсырыс қабылдаңызшы.
- Әкімші:* – Жақсы. Аты-жөніңіз кім?
- Бану:* – Аты-жөнім – Бану Озанқызы.
- Әкімші:* – Жарайды, мен жазып алдым.
- Бану:* – Жақсы, сау болыңыз!
- Әкімші:* – Сау болыңыз!

**Жазамыз****29. Сұхбат мазмұнына сәйкес кестеге белгі қойыңыздар.**

Қонақүйде	Бар (+)	Жок (+)
– жеке бөлме		
– бір кісілік бөлме		
– екі кісілік бөлме		
– люкс бөлме		
– ыстық су	+	
– интернет жүйесі		
– телефон		
– арналы теледидар		
– тоңазытқыш		

30. Жауаптарға сұрақ жазыңыздар.

- _____ ?
– Мен Астана опера театрында болдым.
- _____ ?
– Ол Тұран даңғылында орналасқан.
- _____ ?
– Ол – жаңа ғимарат.
- _____ ?
– Халық әншісі Роза Рымбаеваның ән кешін тамашаладым.
- _____ ?
– Құрбыммен бірге «Оқжетпес» шипажайына бардым.

6. – _____ ?
– Азық-түлік дүкені мен киім дүкендерін араладық.
7. – _____ ?
– Маңдайшалары арқылы дүкендерді тауып алдық.
8. – _____ ?
– Көшеде түрлі жарнамалар жазылған баннерлерді көрдім.

31. Қарама-қарсы мәндегі сөздермен сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: *Жанна мен Алиса Алматыға келді.
Жанна мен Алиса Алматыдан кетті.*

оң жақ – сол жақ
келу – кету
бас жағында – аяқ жағында
ыстық – салқын
таза – кір
ескі – жаңа
ашық – жабық

32. Суреттерді сипаттаңыздар.

33. Сөйлемдегі ойды дамытыңыздар.

Үлгі: *Егер сен қалаға келсең, маған
қонаққа кел.*

1. Егер мен жеңіл көлікке отырсам, _____.
2. Жанна Тәуелсіздік даңғылын таба алмады, _____.
3. Ол қалалық көлікке отырмады, _____.
4. Егер сендер кинотеатрға барсаңдар, _____.
5. Егер Арман өленді музыкасымен айтса, _____.
6. Ол ұлттық кітапханаға бара алмады, _____.
7. Олар Алматы қаласын ұзақ аралады _____.

Қатысымдық алаң

34. Жаңа үлгідегі даңғылдың жобасын ұсыныңыздар.

Жоба жасаудың кезеңдері:

- интернет, газет-журналдан материалдар жинаңыздар;
- даңғылдың жобасын сызып көрсетіңіздер;
- даңғыл бойында салынатын ғимараттарды ескеріңіздер;
- жоба нәтижесін пайдаланып, шағын баяндама жасаңыздар;
- жобаны слайд арқылы таныстырыңыздар.

35 Сілтеу есімдіктерін жалпы және жалқы есімдермен тіркестіріңіздер.

Үлгі: Анау көше, осы мешіт

анау	осы
ана	бұл
сонау	мынау
сол	мына
ол	

36. Сілтеу есімдіктеріне көптік жалғауын жалғаңыздар.
Сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: Бұл + лар = бұлар

сол _____
ол _____
мына _____
ана _____
осы _____

37. Бұл, сол, ол есімдіктерін II, III жақта тәуелденіздер.
Түбірдегі өзгеріске назар аударыңыздар.

Үлгі: бұның, бұныңыз, бұнысы

38. *Бұл, сол, ол, мына, ана* есімдіктерін септеңіздер.

Атау	бұл	сол	ол	мына	ана
Ілік	бұның				
Барыс	бұған				
Табыс	бұны				
Жатыс	бұнда				
Шығыс	бұнан				
Көмектес	бұнымен				

39. Берілген сөздермен сөз тіркестерін құрып жазыңыздар.


Үлгі: *көлік, жеңіл көлік.*

- | | | |
|----------|----------|---------|
| 1. _____ | көпір. | |
| 2. _____ | әуежай. | кең |
| 3. _____ | орын. | орталық |
| 4. _____ | пошта. | жаңа |
| 5. _____ | аялдама. | бос |
| 6. _____ | даңғыл. | жақын |
| 7. _____ | жол. | алыс |
| | | тас |

40. Тиісті сөздерді дұрыс қойып, сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

- | | |
|---------------------------------|-----------------------|
| 1. Мен _____ тұрамын. | |
| 2. Менің үйім _____ орналасқан. | қалада, |
| 3. Мен _____ үйде тұрамын. | жеке меншік, |
| 4. Мен жұмыстан _____ келемін. | Абылайхан даңғылында, |
| | кеш |


41. Өздеріңіз білетін сөздерді қатыстыра отырып, көшені сипаттап жазыңыздар.

_____	



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Фотосуретші Астанада түсірген суреттерін газет редакторына көрсетті. Редактор бұл суреттердегі қала сәулетін көркейтуге кімдер атсалысқанын, олардың аты-жөндері кімдер екенін баяндауын сұрады. Сонымен бірге ол фотосуретшінің «Менің Астанам» тақырыбына мақала жазуын сұрады.





3

ҚАЗАҚЫ ДАСТАРҚАН





ҚАЗАҚЫ ДАСТАРҚАН

Сабақ түйіні

- Қазақы дастарқанға қатысты басым лексика
- Қонақжайлылыққа байланысты лексика
- Грамматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

қазақы дастарқан, тамақ, салқын тағам, ыстық тағам, тәтті тағам, ет тағамдары, сүт тағамдары, көкөніс, ұн тағамдары, дәнді дақылдар, күріш, тары, құрт, ірімшік, сорпа, тұздық, қамыр, құмшекер, баға, құн, қаржы



2. Суретпен жұмыс.

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Қазақ – қонақжай халық
- Ұлттық тағамның ерекшелігі
- Тойдың ең қадірлі тағамы

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Қазақы дастарқан

Қазақ халқы асты, тағамды өте құрметтеген. Дастарқан жайып, дәмді тағам пісіріп, оны жақсы ыдыстарымен дастарқанға қою дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді.

Мәдениетімізде ас беру арқылы адамға құрмет көрсету қалыптасқан. Бұл қазақ халқының қонақжай ел екенін көрсетеді.

Әжелеріміз бен аналарымыз ұлттық тағамдарымызды дайындау дәстүрін осы күнге дейін сақтап келеді. Олар қымыз-шұбат, құрт-ірімшік жасауды ұрпағына үйретіп отырады. Халқымыз ұлттық тағамдарды ерекше дәмді даярлауды өнер деп бағалаған.

Тойдың ең қадірлі тағамы – қазақша ет. Оны пісіру үшін жылқы, қой, сиыр етін пайдаланады. Су құйылған қазанға қойдың мүшелерін салып, тұз қосып, баяу қайнатады. Қамыр илеп, дөңгелек етіп, жұкалап жаяды. Сорпаға пиязды турап, бұрыш салып, тұздық жасайды.

Той табағы ерекше болады. Қадірлі қонақтарға бас пен жамбас тартады. Дастарқанға, ең алдымен, бауырсақ пен нан қояды.

Сүт тағамдары «ақ» деген ұғымды білдіреді. Тілімізде «ақ бата», «ақкөңіл», «ақжол» деген сөздер мен сөз тіркестері жиі қолданылады.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

қымыз
шұбат
құрт
ірімшік
қойдың
мүшесі
қамыр
тұздық

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.

2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тыңдап, оқыңыздар.

2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Қазақ халқы нені құрметтеген?
- Қонағын қалай күткен?
- Қазақтарды неге “қонақжай халық” деп атайды?
- Тойдың ең қадірлі тағамын қалай әзірлейді?

7. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына көсемше жұрнағын қойыңыздар.

Үлгі: Кең дастарқанын жайып,
қонағын күткен.

- 1) Дастарқан жай... , дәмді тағам пісір... , оны жақсы ыдыстарымен дастарқанға қою дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғас... келеді.

- 2) Су құйылған қазанға қойдың мүшелерін сал..., тұз қос ..., баяу қайнатады.
- 3) Қамыр иле ..., дөңгелек ет ..., жұқала ... жаяды.
- 4) Сорпаға пиязды тура ..., бұрыш сал ..., тұздық жасайды.

Пікірталас

8.

• **Жұптық жұмыс.**

«Қазақ халқы – қонақжай халық» деген пікірмен келісесіз бе? Сіздер қонақты қалай күтесіздер? Тақырыпты талқылаңыздар.

Ән мәтінін тыңдаймыз

9. Сіздер дастарқанға қатысты қандай әндерді білесіздер?

10.

- Кітаптың бетін жауып, әнді тыңдаңыздар.
- Кітаптың бетін ашып, бағанада берілген сөздердің дұрыс нұсқасын қойып оқыңыздар.
- Әнді қайталап оқыңыздар. Сөздерді дұрыс қойдыңыздар ма? Өздеріңізді тексеріңіздер.
- Өлең мәтінін тыңдаңыздар. Қажетті сөздерді орнына қойыңыздар.

Әні: *М.Ілиясовтікі*

Сөзі: *Ж.Боранбаевтікі*

Орындайтын: *М.Ералиева*

Қазақы дастарқан

_____ ақтарып сап

Ашылған _____ ұқсап

_____ маржаны ма,

Шашылған _____?

Ей, менің асқар _____.

Қазақы _____.

Өзіңсің _____ – құтым

_____, бастауларым.

11. Сұрақтарға жауап беріңіздер

1. Әннің сөзін жазған кім?
2. Әннің сазын жазған кім?
3. Әнді кім орындайды?

Сөйлейміз

12.

1. Ән мәтіні бойынша сұхбат құрыңыздар.
2. Ән мәтінін естеріңізге сақтаңыздар.
3. Әнді әуенімен музыкасымен айтыңыздар.

көңілін/өмірін
мақтаға/матаға
даланың/қаланың
ақ бауырсақ/ақ нан

тауым/өзенім
дастарқаным/үстелім
ырыс/бақ
бақытым/жақұтым

13. Мәтінді оқыңыздар.

Жаңа заман дастарқаны

Қазіргі заманда дастарқанға әр ұлттың тағамдары қойылады. Көбінесе қуырдақ, палау, мәңті, пицца, самса дайындалады. Әр үйдің дастарқан мәзірінде түрлі жеміс-жидектер мен көкөністер, ірімшік, құрт, айран болады.

Той дастарқанына ұлттық тағамдар, жеңіл тағамдар, түрлі сусын, шырын, газдалған немесе газдалмаған су қойылады.

Теледидардан ұлттық тағамдарды дайындау туралы түрлі бағдарламаларды да көруге болады.







Жазамыз

14. Сөйлемдегі көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойыңыздар.

- 1) Қазіргі дастарқанда ... ұлттың тағамдары болады.
- 2) Күнделікті ... ет, сүт тағамдары қойылады.
- 3) Той дастарқанында,, қойылады.
- 4) Теледидардан көруге болады.

15. Суреттерді қараңыздар. Тағамдардың жасалу құрамымен танысып, атауларын жазыңыздар.

№	Тағам құрамы	Тағам атауы
1	 Күріш, сәбіз, ет, пияз, май	палау
2	 Тартылған ет, пияз, ұн	
3	 Капуста, ет, картоп, сәбіз, қызылша, су	
4	 Қызанақ, ірімшік, майонез, тартылған ет	



Оқимыз

16. Сұхбатты оқыңыздар.

Қонаққа шақыру

Жанат: – Міне, асханаға да келдік.

Бірінші қабатта ұлттық тағамдар әзірленеді.

Екінші қабатта орыс халқының тағамдарын даярлайды. Қазақша ет жеуге қалай қарайсыз?

Клаудия: – Мен сіздің қонағыңызбын ғой?

Маған қазақтың ұлттық тағамдары ұнайды.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!

той дастарқаны дәстүрлі тағам қонақ күту дәстүрі қонаққа шақыру

- Жанат:* – Мәңті, қуырдақ, қазақша ет бар екен.
Жас қияр, қызылша салаты да бар. Не жейсіз?
Не ішесіз?
- Клаудия:* – Білмеймін. Сіз көмектесіңізші.
- Жанат:* – Жақсы, айтқаныңыз болсын. Онда қазақша ет жейміз.
- Клаудия:* – Ет дәмді екен. Маған ұнады.
Бұл тағамды қалай дайындайды?
- Жанат:* – Мен сізді жексенбі күні үйге қонаққа шақырамын.
Анам сізге үйретеді.

Сөйлейміз

17. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Жанат пен Клаудия қандай асханаға келді?
- Олар қандай тағамға тапсырыс берді?
- Клаудияға қандай тағам ұнады?

18. Суреттерге қараңыздар.

Сурет бойынша ойларыңызды айтыңыздар.



19. Жұптық жұмыс. Сұрақтарды талқылау.

- Ол үйлену тойын қалай өткізді?

- 1) Шақыру билетін жаздым.
- 2) Менің үйлену тойым.
- 3) Келінге шашу шашты.
- 4) Той дастарқаны. Тойда айтылатын тілек сөздер.
Ресми құттықтаулар.
- 5) Қазақша ет – қазақтың дәстүрлі тағамы.
- 6) Қонақ күту дәстүрі.

- Үйлену тойында айтылатын тілек сөздер:

- ресми құттықтаулар
- тілек сөздер

20. Сөйлеу әдебін қатыстырып, шағын сұхбат құрыңыздар.

1	Менің үйлену тойым болды.	Сақиналарың әдемі екен.
2	Біз неке сақинасын сатып алдық.	Бақытты болыңдар!
3	Біздің ата-анамыз тілек айтты.	Екі жас бақытты болсын, дастарқаны мол болсын!
4	Дастарқанға дәстүрлі ет тағамы қойылды.	Шақыру билетін тараттық.
5	Тойға достарымыз, туыстарымыз және сыйлы адамдар келді.	Жоғары шығыңыздар, төрлетіңіздер. Дәм алыңыздар!
6	Тойда ресми тілектер айтылды.	Той құтты болсын! Жастар бақытты болсын!
7	Бата берілді.	Дастарқан берекелі болсын!



Грамматика

21. Берілген сөздердің синонимін жазыңыздар.

тағам – тамақ жеу –
дайындау – дәмді –
мол – қадірлі –

22. Сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыздар.

«Бақ сарайы» мейрамханасында үйлену тойымыз болады. Той дастарқанына дәстүрлі тағамдар қоямыз. Тойға ағам мен жеңгем, қарындасым, үлкен әпкем, нағашы атам және достарым келеді.

23. Төмендегі құрылым бойынша сөйлем құрыңыздар.

Жіктеу есімдіктері	Сын есім, зат есім	Етістік
Біз	сәнді көйлек	сатып алдық
Сендер	әдемі сақина	айттыңыздар
Сіздер	жақсы тілек	сыйладыңдар
Олар	көңілді ән	айтты



24. Кестені толтырыңыздар.

	Дастарқан сөзіне қатысты өздеріңіз білетін сөздерді жазыңыздар	Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер
1	Ас –	– адам баласының қоректік заты, тағам.
2	_____	– сойылған мал етінің қонаққа арналатын мүшелері.
3	_____	– піскен еттің үстіне құю үшін тұз, пияз, қара бұрыш салып дайындалған майлы сорпа.
4	_____	– қонаққа арнап мал етінің мүшелері салынатын, тойға дайындалатын арнайы табақ.
5	_____	– қуаныштың белгісі, келін түскенде, тойларда үлкен аналар құрт-кәмпиттен, күміс теңгеден шашу шашады.

25. Суреттер мен оған қатысты сөздерді пайдаланып, мақал-мәтелдерді толықтырыңыздар.

Ас жүрген жер – ...




БЕРЕКЕ

Жас жүрген жер – ...



МЕРЕКЕ

Асы бар табақ ...



ӘДЕМІ

Ас иесімен ...



ДӘМДІ

26. Ұлттық дәстүрлеріңіздегі үйлену тойы мен той дастарқаны туралы эссе жазыңыздар.



27. Монологті I жақтан баяндаңыздар. Диалог құрыңыздар.

Менің бүгін туған күнім. Әпкем мен қарындасым кең дастарқан жайды. Дәмді тағамдар пісірді. Әпкем мәңті мен палау дайындады. Ал қарындасым көкөністерден түрлі салаттар әзірледі. Алма мен алмұрт шырындарын сатып алып, үстелге қойдық. Дастарқанға тәтті тағамдардан кәмпит, торт және түрлі жеміс-жидектер қойылды.



28. Төмендегі сөйлемдердің әр сөзіне сұрақ қойып жазыңыздар.

Үлгі: 1) Әпкем кең дастарқан жайды.

- а) Кім кең дастарқан жайды?
- ә) Әпкем не істеді?
- б) Әпкем қандай дастарқан жайды?



- 2) Әпкем мәңті мен палау дайындады.
- 3) Қарындасым алма мен алмұрт шырындарын үстелге қойды.
- 4) Дастарқанға түрлі жеміс-жидектер де қойдық.



29. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

- 1. Еттен әзірленетін қандай тағамдарды білесіздер?
.....
- 2. Сүттен жасалатын қандай тағамдарды ұнатасыздар?
.....
- 3. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесіздер?
.....
- 4. Мереке күндері қандай тағам даярлайсыздар?
.....
- 5. Сіздер кешкі асқа не жейсіздер?
.....
- 6. Қандай сусындарды ұнатасыздар?
.....



30. Жаңа үлгідегі ұлттық дәмхананың жобасын ұсыныңыздар.

Сенің болашақ дәмханаң

Жоба жасаудың кезеңдері:

- газет-журналдан, теледидардан дәмхана дастарқанының сәні жөнінде материалдар қараңыздар;
- интернеттегі «кухня TV» сайтынан, Қазақстанның 31 телеарнасынан «Дәмді және тез» бағдарламасын пайдаланыңыздар;
- дәмханадағы дастарқан мәзірін дайындаңыздар;
- дәмханадағы жиһаздардың орналасуын көрсетіңіздер, айтыңыздар.

Мына сөздер мен сөз тіркестерін қолданыңыздар:

оң жақта, сол жақта, ортада, ортасында;

- жоба нәтижесі бойынша баяндама жасаңыздар;
- жобаны слайд арқылы таныстырыңыздар.

ЖАЗЫЛЫМ

31. Тәуелдік жалғауының III жағынан кейін табыс септігінің жалғауын жалғап, кестені толтырыңыздар.

Үлгі: ас+ ы+ н

Атау септігіндегі сөздер	Тәуелдік жалғауының III жағы	Табыс септігінің жалғауы
тағам күрт көкөніс күріш ірімшік сүт асхана баға тары самса кеспе кофе мәңгі	тағам+ы	тағам+ы+н

32. Берілген етістіктерге есімшенің (-ған, -ген, -қан, -кен) жұрнақтарын жалғаңыздар.

Үлгі: *құрметте+ген ...*

күту _____
 беру _____
 құрмет көрсету _____
 тәрбие беру _____
 үнемдеу _____
 даярлау _____
 жасау _____
 ұсыну _____
 тарату _____
 көмектесу _____

33. Берілген етістіктерге көсемшенің (-ып, -іп, -п) жұрнақтарын жалғап үйреніңіздер.

Үлгі: *жаз+ып, кел+іп, қайында+п*

жаю _____
 пісіру _____
 қою _____
 күту _____
 ас беру _____
 құрмет көрсету _____
 тәрбие беру _____
 үнемдеу _____
 даярлау _____
 ішу _____
 жеу _____
 әзірлеу _____

34. Тұйық етістікті сөздерге септік жалғауын жалғаңыздар.

Атау	<i>құрмет көрсет+у</i>				
Ілік	<i>құрмет көрсет+у+дің</i>				
Барыс	<i>құрмет көрсет+у+ге</i>				
Табыс	<i>құрмет көрсет+у+ді</i>				
Жатыс	<i>құрмет көрсет+у+де</i>				
Шығыс	<i>құрмет көрсет+у+ден</i>				
Көмектес	<i>құрмет көрсет+у+мен</i>				

Етістіктер: тәрбие беру, үнемдеу, даярлау, құрметтеу

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (-) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Екі сыңары да мағыналы қос сөздер дефис арқылы жазылады. Олар көбінесе жинақтау мәнін білдіреді.


35. Қос сөздерді тауып, дефис қойыңыздар.

1. Ыдыс аяқтарға дәмді тағамдар салынды.
2. Досым жеміс жидек алуға базарға барды.
3. Мақсат әріптестерін дәм тұзға шақырды.
4. Оның әке шешелері демалуға кетті.

36. Берілген сөйлемдерді толықтырып жазыңыздар.

1. Еттен мәңгі, _____ , _____ пісіреді.
2. Сүттен ірімшік, _____ , _____ , _____ , _____ дайындайды.
3. Жеміс-жидектен әртүрлі сусындар, _____ жасайды.
4. Ұннан тәтті тоқаш, _____ , _____ , _____ пісіреді.

37. Сурет бойынша тағам атауларын жазыңыздар.



1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Мен «Болашақ» бағдарламасы бойынша Алматы қаласындағы Технология институтын аяқтадым. Менің арманым – ұлттық тағамдар мейрамханасын ашу. Міне, бұл – менің жобамның жоспары ...

Сіз осы жоба жоспарын қалай жасар едіңіз?

4

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАҰЛЫҚ





ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

Сабақ түйіні

- *Спортқа қатысты басым лексика*
- *Трагматикалық минимум*

Тыңдаймыз. Оқимыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

спорт, спортшы, күрес, былғары, қолғап, доп, жұлдегер, ойын, спорт залы, спорт мектебі, жаттықтырушы, футболшы, боксшы, жарыс, байқау, жеңімпаз, бағдарлама, еңбекқор, жігерлі, мықты, палуан



2. Суретпен жұмыс.

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Спорт түрлері
- Белгілі спортшылар
- Олимпиада чемпиондары

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Денсаулық – зор байлық

Бокс – спорттың ескі түрі. Бокс спортының отаны – Англия. Алғаш рет ағылшын спортшысы бокс мектебін ашқан. Ол жас өспірімдер мен жастарды былғары қолғап өнеріне үйреткен.

Бокс спорты XIX ғасырдың басында олимпиада бағдарламасына енгізілген. Атақты боксшылар: Мұхаммед Әли, Джо Фрайзер.

Біздің елімізде бокс спорты жақсы дамыған. Қазақстандық боксшылар: Василий Жиров, Ермахан Ибраимов, Бекзат Саттар-

ханов, Бахтияр Артаев, Серік Сәпиев, Бақыт Сәрсекбаевтар. Олар олимпиадаларда «Алтын медаль» иеленген.

Қазақ халқының батыр ұлы, былғары қолғап шебері – Бекзат бокспен бала кезінен айналысқан. Бекзат боксшы болуды армандаған, сондықтан ол спорт залында көп жаттыққан. Ол жиырма жасында олимпиада жеңімпазы болған.

Бейжің олимпиадасы ойынының чемпионы – Бақыт Сәрсекбаев та төрт-бес жасынан бастап бокспен айналысқан. Қарсыластарын жеңіп, жеті рет Азия чемпионы болды.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

*былғары қолғап
жеңімпаз
жүлдегер
шынығу
толағай*

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.

2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тыңдап, оқыңыздар.

2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- 1) Бокс спорттың ескі түрі ме?
- 2) Алғаш рет қай елдің спортшысы бокс мектебін ашты?
- 3) Бокс спорты олимпиада бағдарламасына қай ғасырда енгізілді?
- 4) Атақты боксшылар кімдер?
- 5) Бекзат Саттарханов неше жасында олимпиада жеңімпазы болды?
- 6) Бақыт Сәрсекбаев неше жасында бокспен айналысты?
- 7) Лондон олимпиадасының чемпионы кім?

Грамматика

7. Етістіктерді қатыстырып, ауыспалы осы және бұрынғы өткен шақта сөйлем жазыңыздар.

Үлгі: Мен футбол ойнаймын.
Мен шахмат ойнағанмын.

Ойнау, жүгіру, тебу, жасау, үйрену, айналысу, жаттығу, шынығу

8. Рим цифрымен берілген ғасырлар атауын сөзбен жазыңыздар.

Үлгі: Бокс спорты XIX ғасырдың басында олимпиада бағдарламасына енгізілген.

XIX ғасыр – он тоғызыншы ғасыр	XVIII ғасыр – _____
XV ғасыр – _____	XIX ғасыр – _____
XVI ғасыр – _____	XX ғасыр – _____
XVII ғасыр – _____	XXI ғасыр – _____

9. Сандарды рет сөзімен тіркестіріп, сөйлем құрыңыздар.

7 рет – жеті рет
3, 15, 231, 2010, 19314

Үлгі: *Жеті рет Азия чемпионы болды.*

Пікірталас

10.

• Топтық жұмыс.

Тақырыпты талқылаңыздар.

Қай спорт түрін олимпиада бағдарламасына енгізер едіңіздер?
Неге?

Тыңдаймыз

11. Полилогті тыңдаңыздар.

Әуесқойлық

Мехмет: – Сен бос уақытыңда немен айналысасың?

Радмир: – Маған бокс ұнайды. Мен белгілі боксшылардың суреттерін жинаймын.

Мехмет: – Сенде барлық боксшылардың суреттері бар ма?

Радмир: – Иә, тек қана Серік Сәпиевтің суреттерін таба алмай жүрмін. Ал сен немен әуестенесің?

Мехмет: – Мен спортшылардың өмірі туралы кітап оқығанды ұнатамын.

Әнуар: – Ал мен үнемі олимпиада символдарының суреттерін сатып аламын. Бекжанды не қызықтырады екен?

Бекжан: – Мен спорт машиналарының түрлерін жинаймын.

Радмир: – Маған бір қызық ой келді.
Келесі айда «Менің әуес ісім» тақырыбына көрме ұйымдастырайық. Өте қызықты болады.

Әнуар: – Келістік.

12. Сұраққа жауап беріңіздер.

1. Достар не жайлы әңгімелесті?
2. Оларды не қызықтырады?
3. Сіз бос уақытыңызда немен айналысқанды ұнатасыз?

13. Кітаптың бетін жабыңыздар. Диалогті тағы бір рет тыңдаңыздар. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Радмирді не қызықтырады екен?
2. Мехмет немен әуестенеді?
3. Әнуар бос уақытында немен айналысады?
4. Радмир нені ұсынды?

14. Топтық жұмыс.**• Қазақстанның футболы дамымай жатыр.**

Бірінші топ бұл оймен келіседі.
Екінші топ бұл оймен келіспейді.
Пікірлеріңізді дәлелденіздер.

Оқимыз

15. Мәтінді оқыңыздар.**Еркін күрес**

Күрес – ұлттық спорт түрі. Еуропада грек-рим күресі, ал Азия мен Шығыста еркін күрес жақсы дамыған.

Қазіргі кезде елімізде спортқа ерекше көңіл бөлінеді. Жасөспірімдер мен жастар еркін күреспен жиі айналысады.

XX ғасырдың аяғында елімізге гольф, теннис, велоспорт және бильярд ойындары келді. Бұл спорт түрлерін дамытуға мемлекет ерекше назар аударуда. Спорт кешендері, гольф және теннис алаңдары салынды.

Біздің еліміз теннис пен велоспорт бойынша жақсы көрсеткіштерге ие. Биыл Лондонда өткен велоспорт жарысында А.Винокуров «Алтын медальді» жеңіп алды. Ол Қызылжар қаласында дүниеге келген.

Жазамыз

16. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Әңгіме не туралы?
2. Гольф ойыны туралы не білесіздер?
3. Еліңіздегі спорт жетістіктері жайлы не білесіздер?

17. Берілген суреттер бойынша спорт түрлерін жазыңыздар.**18. Суреттерді пайдаланып, спорт түрлеріне қатысты сөздерді жазыңыздар.**

19. Өздеріңізге ұнаған суретті тандап, диалог жазыңыздар.

20. Өздеріңіз құрған диалог бойынша сұрақтар жазыңыздар.

Үлгі: *Сен еркін күреспен айналысасың ба?*

Грамматика

21. Сөйлем құрыңыздар.

Менің досым – спортшы. Ол

адал
әділетті
қаталдау
еңбекқор
жігерлі
мықты

адам

Лексикалық қор

22. Кестені толтырыңыздар.

	Адамның қасиетіне байланысты өздеріңіз білетін сөздерді жазыңыздар	Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер
1.	Боксшы	– денесі шыныққан , қиындықты жеңе білетін қайратты, еңбекқор
2.	_____	– тәртіпті талап ететін, өзіне де, басқаға да талап қоятын адам
3.	_____	– ең жақын, сенімді адам
4.	_____	– туыстарын ойлап, оған көмек бергісі келеді

Оқимыз

23. Тілшінің Еркежан мен Алдиярдан алған интервьюін рөлдерге бөлініп оқыңыздар.

Тілші: – Сәлеметсіз бе, Еркежан? Байқау жеңімпазы болғаныңызбен құттықтаймын!

Еркежан: – Рақмет!

- Тілші:* – Бос уақытыңызда немен айналысасыз?
- Еркежан:* – «Бурабай» спорт кешеніне барып, теннис ойнаймын.
- Тілші:* – Солай ма? Болашақ жоспарыңыз қандай?
- Еркежан:* – Мәскеуде өтетін шахмат ойындарына қатысуды жоспарлап отырмын.
- Тілші:* – Алдияр, бос уақытыңызды қалай пайдаланасыз?
- Алдияр:* – Бос уақытымда спортпен айналысамын, бассейнге жиі барамын.
- Тілші:* – Болашақта кім болғыңыз келеді?
- Алдияр:* – Болашақта ақпараттық технология саласының маманы болғым келеді.
- Тілші:* – Қандай жоғары оқу орнына түскіңіз келеді?
- Алдияр:* – Қазақ-Британ технологиялық университетінің студенті болсам деп армандаймын.

Сөйлеміз

24. Жүппен жұмыс.

Үлгі бойынша бір-біріңізден интервью алыңыздар.

Тыңдауымыз

25. Кітапты жауып, әнді тыңдаңыздар.

Сөзін жазған: Т.Молдағалиев

Әнін жазған: С. Бәйтереков

Дос туралы жыр

Іздегенде табылатын қасыңнан,
 Көңілі бар _____ ашылған.
 Көріспесек сағыныштан жүдейтін,
 Кім бар жақын бала күнгі досыңнан.

Қайырмасы:

Жан досым, _____ болсын мерейің,
 Әрқашан _____ көрейін.
 _____ да бітпесін,
 _____ да бітпесін,
 Жырымыз да бітпесін.

*гүлдей/қызғалдақтай
 үстем/жақсы
 табысыңды/жеңісіңді
 әніміз/жырымыз
 сырымыз/әңгімеміз*

Жазамыз

26. Кітапты ашыңыздар. Мәтінді оқып, бағанада берілген сөздермен толықтырыңыздар. Тағы бір рет тыңдап, тексеріңіздер.

27. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіздер.

сағыну
жан досым
қызғалдақ
жеңіс
жыр
мерей

гүл
жақын досым
ән
аңсау
абырой
жетістік

Ауызекі сөйлеу өрнектері

28. Сұхбат құрыңыздар.

Денсаулығың мықты болу үшін спортпен айналысу керек.

Меніңше, дұрыс тамақтану керек.

Денсаулық туралы арнайы сайттарды қарау керек.

Теледидар бағдарламаларынан денсаулықты күту туралы кеңестерді тыңдаймын.

Дегенмен де көзбен көріп, құлақпен естігенге не жетсін!

Газет-журналдың мақалаларын көп оқығанның пайдасы мол.

Жазамыз

29. Мәтінді толықтырыңыздар.

- 1) Бокс сөзін ең _____ ағылшындар айтқан. 2) Олар _____ ашты. 3) Бокс спорты XIX ғасырдың басында _____ енгізілген. 4) Атақты боксшылар: _____, _____.
- 5) Қазақстандық боксшылар: _____, _____, _____, _____.

Сөйлейміз

30. Диалогті монологке айналдырыңыздар.

- Мейрамбек:* – Тілек, мен спортпен айналыса бастадым. Бокс үйірмесіне барып жүрмін.
- Тілек:* – «Былғары қолғап» үйірмесіне ме? Жаттықтырушың кім?
- Мейрамбек:* – Иә, сол үйірмеге, жетекшім – Азат Болатұлы. Ол халықаралық жарыстардың үш рет жеңімпазы болған.

- Тілек:** – Мен ол кісіні танымаймын. Таныстыршы!
- Мейрамбек:** – Үйірмеге жазылып, спортпен айналыссаң, таныстырайын.
- Тілек:** – Әрине, спортпен айналыссам, денім сау әрі мықты болар едім.
- Мейрамбек:** – Жақсы, Тілек. Келесі жолы үйірмеге бірге барайық.

31. Монологті оқыңыздар, III жақтан баяндаңыздар.

Менің сүйікті ісім

Мен қазақша күреспен айналысамын. Күресті таңдауыма жол көрсеткен әкем болатын. Жастық шағында ол да күреске қатысқан. Меніңше, еркін күрес – спорттың ең әдемі түрі. “Балам, күреске қатысып, спортпен айналысу денсаулыққа жақсы. Шылым шекпейсің, ішімдік ішпейсің”, – деп еді әкем. Осылайша, мен спорт мектебіне бардым. Спорт залында көп жаттығамын. Осы еңбегімнің арқасында еркін күресте Лондон олимпиадасының қола жүлдегері болдым.



Қатысымдық алаң

32. «Көрме өткізу» жобасын жасаңыздар.

Жоба жасаудың кезеңдері:


- интернеттен, теледидардан, газет беттерінен жарнамаларды қараңыздар;
- көрменің тақырыбын айтыңыздар;
- көрме өткізетін жерді табыңыздар;
- көрме заттарын баннерге салып, қабырғаға іліңіздер;
- көрменің тұсаукесерін өткізіңіздер.

33. Сан есімдерге заттардың сандық ретін білдіретін жұрнақтарды жалғаңыздар.

Үлгі: *бір+інші, он бір+інші,*
тоғыз+ыншы, он тоғыз+ыншы

Дара сан есім	Күрделі сан есім
Екі ...	Он екі ...
Үш...	Он үш ...
Төрт ...	Он төрт ...
Бес ...	Он бес ...
Алты ...	Он алты ...
Жеті ...	Он жеті ...
Сегіз ...	Он сегіз ...
Тоғыз ...	Он тоғыз ...

34. Сөйлемдерді үлгі бойынша толықтырыңыздар.



1. Алмас шахмат ойынының жүлдегері болды.
2. Жандос облыстық жарыстың жеңімпазы болды.
3. Жаттықтырушы Ерболға ескерту жасады.
4. Ұлттық күрес ойынында жеңіске жеттім.
5. «Қыз сыны» байқауына қатыстым.

Қажетті сөз тіркестері: *бір рет, екі рет, үш рет, төрт рет, бес рет*

35. Көп нүктенің орнына реттік сан есімді тіркестерді қойып жазыңыздар.

Үлгі: *Арман ат жарысынан иеленді.*
Арман ат жарысынан екінші орынды иеленді.

1. Қуаныш қысқы спорт жарысына қатысып отыр.
2. Үйірме жаттықтырушысы былғары қолғап жарысын ұйымдастырды.
3. Біздің колледжде шахмат жарысы өткізілді.
4. «Достық» командасының футболшылары жүлделі орынды жеңіп алды.
5. Анар шахматтан қарсыластарын жеңіп, облыс чемпионатының жүлдегері атанды.

Қажетті сөз тіркестері: *бірінші рет, төртінші рет, үшінші рет, екінші рет, бесінші рет*

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (,), (:) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Сөйлемнің бірыңғай мүшелерінің арасына үтір қойылады.
- Жалпылауыш сөз бірыңғай мүшеден бұрын тұрса, одан кейін қос нүкте қойылады.

36. Жалпылауыш мүше мен бірыңғай мүшелердің тыныс белгілерін қойыңыздар.

Үлгі: *Атақты боксшылар: Мұхамед Әли, Джо Фрайзер.*

1. Қазақстандық боксшылар Серік Сапиев Ермахан Ибраимов Бекзат Саттарханов Бахтияр Артаев.
2. Спорт түрлері бокс қазақша күрес футбол жеңіл және ауыр атлетика.
3. Қаламыздағы спорт кешендері «Бурабай» «Торпедо» «Женіс».

37. Көп нүктенің орнына сөздің алдыңғы буынын жалғап жазыңыздар.

Үлгі: *...рес – кц + рес*

...ғары, ...ғап, ...кетбол, ...дегер, ...ын, спорт ...лы, спорт ...тебі, ...тықтырушы, ...болшы, ...рыс, ...қау, ...німпаз, ...дарлама, ...бер

38. Сөздерді орын тәртібіне қарай орналастырып, сөйлем құрып жазыңыздар.

1. жастар, айналысады, еркін, жасөсірімдер, күреспен, мен

2. елімізде, соңғы, дамыды, теннис, бильярд, жылдары, ойындары, жақсы

3. үйірмесіне, күрес, жүр, қазақша, барып, Ануар

4. ол, өткен, облыстық, жылы, қатысты, чемпионатқа

5. спортпен, болады, айналысқан, мықты, дені, сау, адамның

39. «Саламатты өмір салты» тақырыбына шағын әңгіме жазыңыздар.





СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА


Илья Алматыдағы Қазақ спорт және туризм академиясында оқиды. Оның дипломдық жұмысының тақырыбы «Спорттағы жетістіктерге жетудің негізгі жолы – табиғи тамақтарды пайдалану». Сіз оның диплом жұмысын қорғау сәтін көрсетіңіз.



5

ӨНЕРДІ СҮЮ







ӨНЕРДІ СҮЮ

Сабақ түйіні

- Өнерге қатысты басым лексика
- Өнер адамдары
- Драматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз



1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

өнер, әнші, халық әртісі, музыкатанушы, жұлдыз, музыка мектебі, бейнелеу өнері, сазгер, сахна, әртіс, кейіпкер, сәнді киім, ұлттық әшекейлер, сырға, сақина, жүзік, көрермен, бейнеклип, мәдениет, сәулет, аспап, әдебиет

2. Суретпен жұмыс.

1. Мына суреттерді қараңыздар. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Қазақтың бейнелеу және сәулет өнері
- Ұлттық жазба әдебиеті
- Қазақтың белгілі өнер адамдары
- Эстрада жұлдызы – Роза

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Өнерді сүю

Қазақтың бейнелеу, музыка, театр және сәулет өнері мен әдебиеті – ұлттық мәдениетіміздің тамаша көрінісі. Музыкатанушылар, жазушылар, суретшілер, театр әртістері, сазгерлер, әншілер қазақ өнерін әлемге таныстырды.

Қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін салушы – Абай. Ұлтымыздың классик ақындары мен жазушыларының шығармаларында ғылым-білім, өнер, қоғам, мәдениет мәселелері сөз болады.

Халық суретшісі Әбілхан Қастеев – бейнелеу өнерінің шебері. Белгілі режиссер Шәкен Айманов кино өнерін дамытты. Күләш Бәйсейітова – опера өнерінің жұлдызы. Ахмет Жұбанов музыка өнерінің негізін салды.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!

өнер адамдары
негізін салған
халық әртісі
ұлттық киім
сәулет өнері
бейнелеу өнері

Қазақстанның халық әртісі Роза Рымбаева қазақтың эстрада-лық әндерін дүниежүзіне танытты. Айман Мұсаходжаева мен Жәния Әубәкіровалар – әлемнің классикалық музыкасына өз үлестерін қосқан өнер адамдары. Бүгінгі күні қазақ халқының кино өнері де жақсы дамып келе жатыр. Кино өнерінің ең үздік туындысы – “Жау жүрек мың бала” фильмі.

Рухани байлығымыз бүгінде өзінің ұлттық ерекшеліктерімен жалғасын табуда.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.
2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тыңдап, оқыңыздар.
2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін салған кім?
 - Қазақтың белгілі өнер адамдарын білесіз бе?
 - Ә.Қастеев кім?
 - Ш.Айманов режиссер ме?
 - Қазақстанда белгілі опера әншісі кім болған?
 - А.Жұбанов қандай өнердің негізін салды?
 - Роза Рымбаева халық әртісі ме?
- Ол қандай әндерді орындайды?

Грамматика

7. Төменде берілген етістіктерді өткен шақ және ауыспалы осы шақ түрлерінде жазыңыздар.

№	Етістік	Жедел өткен шақ	Бұрынғы өткен шақ	Ауыспалы осы шақ
1	негізін салу	негізін салды	негізін салған	негізін салады
2	үлес қосу			
3	дамыту			
4	таныстыру			
5	салу			
6	таныту			

8. Берілген сөздерге сөз тудырушы жұрнақтарды жалғап жазыңыздар.

саз	өнертану	-шы // -ші -гер// -кер
кейіп	музыкатану	
сурет	→	күй	
ән	→	би	
жазу	→	сәулет	

9. Төменде берілген сөздерге көптік жалғауын жалғаңыздар.

Сазгер + ...	Әнші + ...
Кейіпкер + ...	Жазушы + ...
Күйші + ...	Өнертанушы + ...
Биші + ...	Музыкатанушы + ...
Суретші + ...	Сәулетші + ...

10. Сөйлем құрып, жазыңыздар.

1	А.Құнанбаев	ұлттық жазба	әдебиетінің өнерінің	негізін салды
2	Ә.Қастеев	бейнелеу		
3	К.Байсейітова	опера		
4	А.Жұбанов	музыка		
5	Ш.Айманов	кино		

Пікірталас

11.

• Топтық жұмыс.

Тақырыпты талқылаңыздар:

Сіз қандай музыканы жақсы көресіз? Неге?

Тыңдаймыз

12. Суретке қарап, мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Роза Рымбаева кім?
- Оның әндерін тыңдадыз ба?
- Оны теледидардан көрдіңіз бе? Оның отбасы жайлы не білесіз?
- Оның киім үлгісі сендерге ұнай ма?

13.

1. Интервьюді тыңдаңыздар.

Тілші: – Сәлеметсіз бе, Роза ханым? Қош келдіңіз!
Өзіңізден сұхбат алайын деп едім.

Роза: – Сәлеметсіз бе? Қош келдіңіз!

Тілші: – Роза ханым, «Әлия» әні сіздің сүйікті әніңіз бе?

- Роза:* – Иә, «Әлия» әні – менің алғашқы айтқан әндерімнің бірі.
- Тілші:* – Сіз қайда оқыдыңыз?
- Роза:* – Мен консерваторияда оқыдым.
- Тілші:* – Сіз әнді қандай тілдерде айтасыз?
- Роза:* – Мен қазақ әндерінен басқа түрік, орыс, өзбек халқының әндерін орындаймын.
- Тілші:* – Сіздің бейнеклипіңіз көп пе?
- Роза:* – Бірталай бейнеклиптерім бар.
- Тілші:* – Сізге қандай киім үлгілері ұнайды?
- Роза:* – Мен қазақтың ұлттық киімдерін ұнатамын. Еуропалық үлгідегі киімдерді де жиі киемін.
- Тілші:* – Сіз әнді табиғи дауыспен айтасыз ба?
- Роза:* – Мен фонограмманы ұнатпаймын, әнді тек қана жанды дауыспен айтамын.
- Тілші:* – Сұхбатыңызға рақмет!



14. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Р.Рымбаева музыкалық білімді қайдан алды?
- Оның киім үлгілері қандай?
- Ол әндерді қандай тілдерде орындайды?

Сөйлейміз

15. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Тілші интервьюді кімнен алды?
2. Тілші Роза Рымбаеваға қандай сұрақтар қойды?
3. Сіз әншіге қандай сұрақ қояр едіңіз?

Оқимыз

16. Мәтінді оқыңыздар.

Өнер адамының кеңесі

Дүниежүзіне танымал Айман Мұсаходжаеваның өнерлі шәкірттері көп. Ол – қадірлі ұстаз, ардақты ана.

Атақты скрипкашы Айман Мұсаходжаева жастарға мынадай пайдалы кеңес береді:

- егер уақытты үнемдесе, оны тиімді пайдаланса, істеген жұмысы өзіне ұнаса, бәріне де үлгеруге болады;
- кітап оқып, музыка тыңдап, білімінді жетілдіру – міндетің;
- әр күні таңертең жүгіріп, дене жаттығуларын жасап, бос уақытыңда дұрыс демалу керек.



17. Монологпен жұмыс.

1. Монологті сұхбатқа айналдырыңыздар.
2. Осы тақырып бойынша бір-біріңізбен әңгімелесіңіздер.

Жазамыз

18. Интервью мәтінін жазыңыздар.

Үлгі: – Айман апай, жастарға қандай кеңес бересіз?
– Уақытты үнемдеу керек.

—
—

19. Интервью алуға қажетті сұрақтар жазыңыздар.

20. Жақша ішіндегі сөздерді қолданып, сөйлемдер жазыңыздар.

- 1) Роза Рымбаева (жазушы, тілшіге) «Әлия» әні туралы айтты.
- 2) Мен (консерваторияда, университетте) оқыдым.
- 3) Менің (бірнеше, бірталай) бейнеклиптерім бар.
- 4) Ол қазақтың (ұлттық, еуропалық) үлгідегі киімдерін киеді.
- 5) Ол әнді (жанды дауыспен, фонограммамен) айтады.

Оқимыз

21. Мәтінді оқыңыздар.

Домбыра – ұлттық аспап


Домбыра – қазақтың музыкалық аспабы. Ол – қазақтың ерекше ұлттық нышаны. Әрбір қазақ отбасының төрінде домбыра ілулі тұрады. Бұл халық аспабы өте ерте кезде пайда болған. Домбыраны қолөнершілер мықты тұтас ағаштан жасайды. Оны ұлттық ою-өрнектермен безендіреді. Оның пернелері мен құлағы, тиегі болады.

Домбыра – дауысы құлаққа аса жағымды сазды аспап. Домбырада тартылған күйлер кең даланың әсем үнін және табиғаттың тылсым сырын, ерекше сұлулығын, сазды әуенін адамға жеткізеді.

Домбырада қазақтың ұлттық күйлері мен әндері орындалады. Сондай-ақ домбырамен басқа да елдердің классикалық туындыларын тартуға болады.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

домбыраның пернесі, сазды аспап, домбырада, тартылатын күйлер



22. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Домбыра – қандай ұлттың музыкалық аспабы?
- Ол – көне аспап па?
- Домбыраны кімдер жасайды? Ол неден жасалады?
- Домбырада не орындалады?
- Домбырада орындалатын күйді тыңдадыңыз ба?



Сөйлеміз

23. Оқыңыздар. Қалай аталады?

1. Домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы
2. Пианино, скрипка, гитара, саксофон
3. Пернелер, құлақ, тиек

24. Сұрақ-жауап арқылы әңгімелесіңіздер.

- Сіздер музыка тыңдауды, ән айтуды ұнатасыздар ма?
- Сүйікті әншілеріңіз бар ма?
- Сіздер қандай аспаптарда ойнайсыздар?
- Қандай үйірмелерге барасыздар?

Грамматика

25. Қыстырма сөздерді қойып жазыңыздар.

- 1....., домбыра – қазақ ұлтының нышаны.
- 2....., бұл аспапта белгілі күйшілердің күйлері орындалады.
- 3....., үні сазды және құлаққа өте жағымды естіледі.
- 4....., бұл аспап адамның шаттық көңіл-күйін, түрлі сезімін, қуанышын, қайғысы мен ренішін жеткізеді.

Қажетті сөздер: қорыта айтсам, біріншіден, меніңше, екіншіден.

26. Мәтіннен берілген құрылым бойынша сөз тіркестерін табыңыздар.

- 1.Зат есім+ тәуелдік жалғауының III жағы + табыс септігі

Үлгі: *қазақтың ұлттық әндер + і + н*

27. Жоғарыда өздеріңіз жазған сөз тіркестері бойынша бірнеше сөйлем құрыңыздар.





Лексикалық қор

28. Мәтіннен күшейтпелі шыраймен берілген сөз тіркестерін табыңыздар.

29. Кестені толтырыңыздар.

<p>Ұлттық аспаптарға байланысты сөздерді жазыңыздар.</p> <p>Қобыз</p> <p>_____</p> <p>_____</p> <p>_____</p>	<p>Жана сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер</p> <p>– қазақтың ұлттық екі ішекті аспабы</p> <p>– қоңыр және сазды дауыс шығады</p> <p>– музыкалық аспаптың ішегін көтеріп тұратын кішкентай ағаш</p> <p>– домбырада, қобызда тартылатын, музыкалық шығарманың бір түрі</p>
--	---

Сөйлейміз

30. Өздеріңіздің сүйікті музыкалық жанрларыңызды таңдап алыңыздар. Сол музыкалық жанр туралы толық мәлімет беріңіздер.

- Бұл музыка қандай аспапта ойналады?
- Бұл музыканы орындайтын белгілі музыканттар кімдер?
- Бұл музыка қалай туған? Оның тарихын білесіз бе?

Оқимыз



31. Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыздар.

Театрда

Өмір: – Таня, сені театрға шақырғым келеді.

Таня: – Қашан?

Өмір: – Жексенбі күні М.Әуезов атындағы театрда «Қарагөз» қойылымы болады. Спектакль кешкі сағат 17:00-де басталады. Сені театрдың ішінде күтемін.

Таня: – Біздің орындарымыз партерде ме?

Өмір: – Иә, бірінші қатардағы алтыншы және жетінші орындар.

Таня: – Жарайды, келемін.

Таня: – Қойылым 40 минуттан кейін басталады.

Жүр бірге театрдың ішін аралайық.

Өмір: – Жарайды, аралайық.



Таня: – Өмір, театрдың екінші қабатындағы суреттерді көрейікші.

Өмір: – Таня, қарашы, міне «Қарагөз» қойылымында ойнаған әртістердің суреттері.

Таня: – О-о, мен мына әртісті танимын.

Ол «Біздің сүйікті дәрігеріміз» киносында ойнаған.

Оның аты-жөні – Серке Қожамқұлов.

Өмір: – Спектакль басталатын уақыт болды, жүр, орнымызға отырайық.

Өмір: – Саған қойылым ұнады ма?

Таня: – Әрине, ұнады. Бұл махаббат туралы драма ғой. Керемет екен!

32. Диалогті оқып, монолог құрыңыздар.

Марина: – Сәлеметсіз бе, Әсем?

Әсем: – Сәлеметсіз бе, Марина? Оқуыңызды бітірдіңіз бе? Қайда орналастыңыз?

Марина: – Иә, бітірдім. Қаламыздағы облыстық драма театрына орналастым.

Әсем: – Құттықтаймын, Марина! Сіз қандай бөлімді бітіріп едіңіз?

Марина: – Мен вокал бөлімін бітірдім ғой. Жас сазгерлердің әндерін орындап жүрмін.

Әсем: – Тамаша! Жақсы көретін, жиі айтатын өлеңдеріңізді айтыңызшы.

Марина: – Маған Марат Омаров, Мәдина Сәдуақасова, Арман Дүйсеновтердің өлеңдері ұнайды. Марат пен Арманның әндерін де жиі айтамын.

Әсем: – Саған шығармашылық табыс тілеймін, құрбым!

Марина: – Рақмет, Әсем!



33. Сөздерді сәйкестендіріңіздер.

әлем
бітірді
үлгі
көтеру
сәнді
ақыл
сақина

аяқтады
ғалам
нұсқа
жоғарылату
жүзік
кеңес
әсем



34. Монологті оқып, диалог құрыңыздар.

“Жау жүрек мың бала” фильмі “Қазақфильм” киностудиясында түсірілген. Бұл фильм тарихи тақырыпқа құрылған. Онда қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы күресі суреттеледі.

Фильмді өндіруші – Ш.Айманов атындағы “Қазақфильм” киностудиясы. Ол Қазақстан елінде 2012 жылы түсірілген. Фильмнің режиссері – Ақан Сатаев, сазгері – Ринат Гайсин, продюсері – Әлия Увальжанова және т.б. Басты рөлдерде Асылхан Төлепов, Әлия Телебарисова, Аян Өтепбергенов және т.б. ойнайды.

Фильмді түсірудің негізгі мақсаты – жастарды отансүйгіштікке, өз елін, жерін сүйіп, құрметтеуге тәрбиелеу. Басты кейіпкер Сартайдың рөлін жас актер Асылхан Төлепов орындайды.

35. Сұраққа жауап жазыңыздар.

1. – “Жау жүрек мың бала” қандай фильм? Оның режиссері кім?

– _____.

2. – Басты кейіпкердің рөлінде кім ойнаған?

– _____.

3. – Фильмді түсірудің мақсаты қандай?

– _____.

Қатысымдық алаң

36. Жоба үлгісін жазып үйреніңіздер.

- Өздеріңізге ұнайтын әнші, сазгер, әртіс туралы журнал шығаруды жоспарлаңыздар, оның жобасын ұсыныңыздар.

Жоба жасаудың кезеңдері:

- интернеттен, газет-журналдан материалдар жинаңыздар;
- сүйікті әншілеріңіздің әндерін, суреттерін жинап, шығаратын журналдың жоспарын, жобасын, дизайнын жасаңыздар;
- жоба нәтижесі бойынша баяндама жасаңыздар;
- журнал туралы баяндаманы талқылаңыздар;
- журнал макетін слайд арқылы таныстырыңыздар.

**37. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының астын сызыңыздар.
Сөз тіркестерімен сөйлем құрыңыздар.**

Үлгі: 1. *Театр+дың әртіс+і*
2. *Ол – театр әртісі.*

1. Қазақтың театры _____
2. Өнердің адамы _____
3. Қазақтың әншісі _____
4. Әншінің дауысы _____
5. Концерттің бағдарламасы _____
6. Әншінің домбырасы _____
7. Айгүлдің әні _____

38. Көп нүктенің орнына ілік септігінің жалғауы мен тәуелдік жалғауының III жағын қойыңыздар.

1. Басқарма... қызметші... тест тапсырмасын жақсы тапсырды.
2. Дала... гүл... ерте шықты.
3. Театр... әртістер... гастрольге кетті.

39. Жедел өткен шақта тұрған сөйлемді көшіріп жазыңыздар.

1. Қалада Қазақ ұлттық өнер академиясы ашылды.
2. Өткен жылы Айгүл ән байқауына қатысты.
3. Байқауда ол үшінші орынды жеңіп алды.
4. Астанада өнер жұлдыздарының концерті өтеді.
5. Елімізде өнер саласы жақсы дамыған.

40. Етістіктерді жедел өткен шақтан бұрынғы өткен шаққа өзгертіп жазыңыздар.

Үлгі: *таныст+ты - таныст+қан*

Айту – _____ Көрсету – _____
Қатысу – _____ Беру – _____
Ұйымдастыру – _____ Тарту – _____
Салу – _____

41. Берілген сөздерге сөз тудырушы (-шы -ші;-гер,-кер) жұрнақтарды жалғап жазыңыздар.

Үлгі: *сурет + ші*

ән... , жазу... , дамыту... , таныту... , таныстыру... , кейіп... , саз... , қайрат... , тіл... , тыңдау...

42. Берілген сөздерден сөз тіркестерін құрыңыздар.

Белгілі, бейнелеу, режиссер, өнер, халық, эстрадалық, әртіс, ән, ұлттық, сәнді, әшекей, киім, әйгілі, сазгер, кең, сахна, атақты, жазушы

Үлгі: *сурет – сурет өнері*

43. «Өнерім-бақытым» тақырыбына қатысты шағын әңгіме жазыңыздар.





СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Интервью

Оның аты – Майра. Майра өнерінің арқасында көптеген шетел фестивальдеріне қатысып, елге үлкен жеңіспен оралды.

Сіз «Жұлдыздар отбасы» журналының тілшісі ретінде Майрадан интервью алыңыз. Интервью тақырыбы – «Өнерім – бақытым».



6

ЖЕР БАҰЛЫҒЫ







ЖЕР БАЙЛЫҒЫ

Сабақ түйіні

- Қазақстанның жер байлығына қатысты басым лексика
- Дәнді дақылдарға қатысты лексика
- Арал теңізіне қатысты лексика
- Трагедиялық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз



1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

табиғат, орман, тоғай, аспан, топырақ, астық, мақта, күріш, бидай, сұлы, тары, пайдалы қазбалар, жер қойнауы, темір, мыс, калайы, қорғасын, алтын, күміс, көмір

2. Суретпен жұмыс.

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Қазақстанның пайдалы қазбалары
- Өңірлердің, аймақтардың жер байлығы туралы
- Қазақстанның ірі қалалары

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар

Жер байлығы

Тәуелсіз Қазақстан өзінің жер байлығымен, тамаша табиғатымен, аса сұлу өңірлерімен ерекше.

Қазақстанның жер қойнауында 90-нан астам пайдалы қазбалардың түрі бар. Оның ең басты байлығы – түсті және қара металдар. Бүгінде ол өзінің аймағында өндірілетін алтын, мыс, мырыш, жез, темір, уран, қорғасын, калайы, никель, вольфрам сияқты қазба байлықтарымен дүниежүзіне танылған. Сондай-ақ республикамызда тас көмір мен қоңыр көмір, мұнай мен газ, фосфориттер, ас тұзы мен асбест көп.

Еліміздің батыс аймағын Каспий теңізі алып жатыр. Ол – мұнайға аса бай өңір. Солтүстік Қазақстан аймағында ауылшаруашылығы және малшаруашылығы жақсы дамыған. Ол – ас-

ЕСІНІЗДЕ ЖҮРСІНІ

пайдалы қазбалар
сары алтын
ақ алтын
қара алтын

тықты өлке. Орталық Қазақстанда көмір, жез, мыс, ал Шығыс Қазақстанда түрлі-түсті металл өндіріледі. Еліміздің оңтүстігінде күріш, мақта, түрлі жеміс-жидектер өседі.

Атырау – ең көне қалалардың бірі. Каспий теңізі мен Жайық өзені – бекіре мен қызыл балыққа бай. Қызылорда өзінің «Ақ маржан» күрішімен әлемге әйгілі. Өскемен – ірі өнеркәсіп орталығы, онда қорғасын, мырыш, магний-титан, су электр стансысы бар. Ал Павлодарда қалайы, Шымкентте қорғасын зауыты жұмыс істеп жатыр.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.
2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тағы бір рет тындаңыздар, оқыңыздар.
2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Тәуелсіз Қазақстанның ерекшелігі неде?
- 2) Қазақстанда пайдалы қазбалардың қанша түрі бар?
- 3) Еліміздің қай өңірі “астықты өлке” деп аталады?
- 5) Қазақстанның қандай қалаларында өндіріс орындары дамыған?

Грамматика

7. Ырықсыз етіспен берілген етістіктерге -атын// -етін жұрнақтарын жалғаныңдар.

Үлгі: өндіру → өндірі+іл+етін	қазу → қазыл →
	жинау → жинал →
	тану → таныл →
	дамыту дамытыл
	өсіру өсіріл

8. -атын// -етін жұрнағы жалғанған сөздермен сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: Қала саябағында түрлі ағаштар өсірілетін болды.

9. Сын есімнің күшейтпелі шырайын (аса, ең, тым, өте) қатыстырып, сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: Қазақстанның ең басты байлығы – түсті және қара металдар.

10. Мәтіннен жалпы және жалқы есімдерді теріп жазып, берілген кестені толтырыңыздар.

өңірлер, аймақтар	өнімдер
Атырау	мұнай

Қай жерде не өндіріледі?

11. Жіктеу және сілтеу есімдіктеріне жатыс септігінің жалғауын жалғаңыздар.

Жіктеу есімдігі	Сілтеу есімдігі
Мен –	Бұл –
Сен –	Мына –
Сіз –	Сол –
Ол –	Ана –
	Осы –

Үлгі: *Мен – менде
Бұл – бұнда*

12. Үлгі бойынша сөйлем құрыңыздар.

Жай сөйлем	себебі өйткені сол себепті сондықтан
------------	--------------------------------------

Үлгі: *Ауылшаруашылығы өнімдері көп өндіріледі, өйткені елді азық-түлікпен қамтамасыз ету керек.*

Пікірталас

13.

• Топтық жұмыс.

Тақырыпты талқылау: Каспий теңізінде бекіре балығы неге азайып бара жатыр?

Тыңдаймыз

14. Суретті пайдаланып, мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Қызылорда өңірі «Ақ маржан» күрішімен әлемге әйгілі. Сіз қалай ойлайсыз?
- Қазақстан – астыққа бай ел. Осы пікірмен келісесіздер ме?

15. Сұхбатты тыңдаңыздар.

Медет пен Андрей не туралы әңгімелесті?

Медет: – Сәлем, Андрей. Сен кеше кешке не істедің?

Андрей: – Сәлем, Медет. Мен кешкі сағат 8-де «Қазақстан» телеарнасынан Ауылшаруашылығы министрінің баяндамасын тыңдадым.

Медет: – Мен де тыңдадым, бірақ «Хабар» арнасынан көрдім.

Андрей: – Биылғы жылы жалпы егістік көлемі 21,2 миллион гектарды құрапты. Оның 16,3 миллион гектарын астық дақылдары, соның ішінде 14,1 миллион гектарын бидай егістіктері алып жатқандығын айтты.

Медет: – Иә, агроөнеркәсіп секторын қаржылық қамтамасыз етуде барлық шаралар қабылданған екен.

Андрей: – Биыл 177 миллиард теңгеге қаржы бөлініпті. Оның ішінде 94 миллиард теңге көктемгі дала жұмыстарына және орақ науқанына жұмсалған.

Медет: – Биыл еліміз көп астық жинайды. Ауа райы да қолайлы болып тұр. Бидай көп болады. «Жері байдың – елі бай» деген осы ғой!



Сөйлейміз

16. Сұраққа жауап беріңіздер.

1. Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыздар.
2. Сұхбатты монолог түрінде айтыңыздар.

Оқимыз

17. Мәтінді оқыңыздар.

«Қара алтын» дегеніміз не?

Алтын деген не? Таза алтын – сары түсті, табиғатта сап түрде кездесетін, созылғыш, асыл металл. Қазақ жерінде алтын ғасырлар бойы өндіріліп келеді. Біз алтын өндіру жөнінен Қытай, Ресей мен Өзбекстаннан кейін төртінші орындамыз. Ел байлығы алтын қорымен есептеледі.

Адамдар өзінің тіршілігіне қажетті астықты «алтын дән» дейді.

Ал ақ мақтаға «ақ алтын» деп ат қойған. Себебі ақ мақтадан мата жасайды, одан киім тігеді.

Көмір мен мұнайды «қара алтын» деп атайды. Өйткені көмірдің де, мұнайдың да түсі қара және пайдасы мол. Мұнайдан көп заттар жасайды: жанармай, пластмасса, ойыншықтар және тұрмыстық заттар. Мұнай дүниежүзілік жанармай энергетикалық балансында орасан зор үлеске ие.

Жазамыз

18. Мәтінмен жұмыс.

1. «Бағалы», «көп», «тіршілік», «дүниежүзі» сөздерінің синонимдерін жазыңыздар.

2. Түр-түске қатысты антонимдерді жазыңыздар.
3. Мәтін бойынша төмендегі сұрақтарға жауап жазыңыздар.
 - Алтын деген не?
 - Сары алтын деген не?
 - Қара алтын деген не?



Оқимыз

19. Жұптық жұмыс. Берілген өлең мәтінін сұрақ-жауап арқылы оқыңыздар.

- Үлгі:**
- Арман:* – Тізілген (нелері?) бар Жетісудың.
Мақсат: – Тізілген таулары бар Жетісудың.
Мақсат: – Тізілген таулары бар (қай жердің?)
Арман: – Тізілген таулары бар Жетісудың.

1

Алатау

1. Тізілген (нелері?) бар Жетісудың,
Ішінде (не?), тоғай біткен нудың.
Дариядай сол тауларда тулап тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.
2. Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
(Нелер?), жидек-жемістер көп,
Бір татсаң аузыңнан дәм кетпейтін.
3. Арыстан, аю, (нелер?),
(Не?), жолбарыстар түнде жортып.
Тулаған, аққан бұлақ тасқынында,
Асаудай ойнақ салар (не?) шолтып.
4. (Не?) бар бұл тауларда шөбі шалғын,
Көк майса ойы, қыры бәрі балғын.
Қызығын сол (ненің?) көрем десең,
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

Ж.Жабаев

Алатау

1. Тізілген таулары бар (қай жердің?),
Ішінде орман, (не?) біткен нудың.
Дариядай сол таулардан тулап тасып,
Көресің тамашасын аққан судың.
2. Есепсіз тау суреті көз жетпейтін,
Жырлауға қазынасы көп тіл жетпейтін.
Өрік, алма, алмұрт, (нелер?) көп,
Бір татсаң аузыңнан дәм кетпейтін.
3. (Не?), аю, қасқыр, түлкі, борсық,
Сілеусін, жолбарыстар (қашан?) жортып.
Тулаған, аққан бұлақ тасқынында,
(Қандай?) ойнақ салар балық шолпып.
4. Жайлау бар бұл (қайда?) шөбі шалғын,
Көк майса ойы, қыры бәрі балғын.
(Несін?) сол жайлаудың көрем десең,
Шөбіне бауырың төсеп жатып алғын.

Ж.Жабаев

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

тізілген таулар
аққан су
аузыңнан дәм кетпейтін
аққан бұлақ
шөбі шалғын
көк майса

20. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Өлеңде қандай жеміс-жидектің түрлері айтылады?
- Өлеңнен жан-жануардың түрлерін табыңыздар.
- Өлеңде Жетісудың табиғаты қалай суреттелген?

21. Берілген диаграмма бойынша сұхбат құрыңыздар.

Ескерту: Әр диаграммада 3 сөз артық берілген.



Газет – журнал оқып үйренеміз!

22. Мәтінді оқыңыздар.

Аралды сақтау – адамды сақтау

Арал теңізі – Қазақстанның інжу-маржаны, шөлді аймағындағы бірден-бір көгілдір су айдыны. Арал теңізіне Орталық Азияның екі аса ірі өзені, Әмудария мен Сырдария құяды. Арал теңізінде балықтардан сазан, қаяз және тағы басқалары бар.

Арал теңізінің жағалауында тұратын жергілікті халық балық және малшаруашылығымен, көкөніс-бақша өсірумен айналысады.

XX ғасырда теңіз ауданы жағынан (68 мың км²) әлемде төртінші орында болса, алайда 1960 жылдан бастап теңіздің суы азайып келеді. Өйткені Аралға құятын өзендердің суы күріш пен мақтаның үлкен алқаптарына жіберіледі. Арал теңізі 23 метрге төмендеп, 200 шақырымға дейін суы тартылып қалды. Бұл Аралды экологиялық апатқа әкелді. Теңіздегі балық азайып, балық өсіру шаруашылығы тоқтап қалды. Теңіз бойында тұратын адамдардың денсаулығы төмендеп кетті.

Арал теңізінің болашағы эколог мамандарды қатты ойландыруда. Оның Жер бетінен жойылып кетуі Орта Азия мен Қазақстанға ғана емес, сонымен бірге көптеген Шығыс елдеріне де әсер етеді. Сондықтан да ғалымдар Аралдағы экологиялық апатты болдырмау мәселесімен айналысып жатыр.

Бүгінде «Арал тағдыры – адам тағдыры» деген үлкен мәселе бар. Жер бетіндегі ғажайып су қоймасын сақтап қалу – қазіргі ұрпақтың болашақ алдындағы борышы.

(Интернет материалынан)

23. «Аралды сақтау – адамды сақтау» мәтінімен жұмыс істейміз.

1. Мәтінді оқыңыздар.
2. Мәтінде адам аттары, жер, су атаулары кездесе ме? Жазыңыздар.
3. Мәтіндегі өзекті мәселе қандай?
 - Мәтіндегі пікірмен келісесіздер ме?
 - Арал теңізін сақтап қалу туралы не айтылады?
4. Интернет материалынан нені білдіңіздер?
 - жаңалықтар: елдегі, жергілікті;
 - ресми, бейресми кездесулер;
 - ой-пікір.
5. Сұрақтарға жауап беріңіздер.
 - Арал теңізі туралы қандай қызықты мәліметтерді білдіңіз?
 - Арал теңізі қай уақыттан бастап тартыла бастады?
 - Аралды апатқа әкелген жағдайлар?
 - Адамдардың денсаулығы неге нашарлады?
 - Арал теңізін құтқару үшін қандай шаралар жүргізіліп жатыр?

24. Мына мақал-мәтелдің қайсысы тақырыпқа сәйкес келеді? Неліктен?

- Судың да сұрауы бар.
- Тамшы тама берсе, дария болады.
- Сулы жер – нулы жер.

25. Экология министрлігіне Арал теңізінің мәселесі туралы хат жазыңыздар.

Хаттың мазмұны

1. Аралдың қазіргі жағдайы.
2. Аралды қорғау туралы ұсыныстар.

Жазамыз

26. Мәтінді оқыңыздар. Мәтінге жоспар құрыңыздар.

Қазақстан – жерге де, пайдалы қазбаларға да бай ел. Қазақстанның оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс аймақтары бар.

Қазақстанның солтүстігі – астықты аймақ. Бұл өңірде бидай, сұлы өсіріледі.

Оңтүстікте жеміс-жидек, көкөніс, күріш, мақта өседі. Қазақстанның орталық өңірі пайдалы қазбаларға бай. Бұл аймақта темір, мыс, қорғасын, қалайы, алтын, күміс өндіріледі.

27. Диалогті оқыңыздар. Диалогтен монолог жасаңыздар.

Күнсұлу: – Қазақстанның ғажайып табиғаты бар. Әр өңірдің ауа райы да әртүрлі.

Күмісбек: – Маған даласы кең, аспаны көк, жері сұлу Сарыарқа жері ұнайды.

Күнсұлу: – Ал маған тоғай мен көлдерге бай, ауасы таза Көкшетау ұнайды.

Күмісбек: – Бұл өңірдің ауа райы салқындау болады екен. Жаңбыр да жиі жауады.

Күнсұлу: – Оңтүстік өңірі ыстық. Бұл жерде мақта, жеміс-жидек жақсы өседі.

Күмісбек: – Орталық Қазақстандағы Қарқаралы жері де әдемі! Шайтанкөл, оның айналасындағы қарағай мен қайыңдар ғажайып сурет қой!

Күнсұлу: – Қазақстан – менің туған елім. Туған жеріміздің ауасы, суы, даласы – бәрі тамаша.

Күмісбек: – Өте дұрыс айтасың, Күнсұлу!

28. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1) Қазақстанның солтүстігі – ... аймақ.

2) Бұл өңірде ... , ... , тары тағы басқа түрлері өсіріледі.

3) Оңтүстікте ..., ..., мақта өседі.

4) Қазақстанның өңірі ... қазбаларға бай.

5) Темір, мыс, ..., ..., алтын, күміс өндіріледі.

Қатысымдық алаң

29. Жоба үлгісін ұсыныңыздар.

• Жоба: «Таза мақтадан тігілген қазіргі заманға лайық сәнді киім үлгісі»

• Жоба жасаудың кезеңдері:

1. Мына сұрақтарды пайдаланып, ақпарат жинаңыздар:

– Мақтаны қалай өсіреді?

– Мақта жібін қалай жасайды?

– Жіптен матаны қалай жасайды?

2. Сәнді киім үлгісінің суретін салыңыздар.

3. Ұсынылған үлгіні ұжымда талқылаңыздар.

4. Ең үздік киім үлгісін слайд арқылы көрсетіңіздер.



30. Берілген етістіктерге ырықсыз етіс пен есімше жұрнақтарын жалғап жазыңыздар.

Түбір	жұрнақ	жұрнақ
Етістік	-ыл, -іл, -л	-ған, -ген
	-ын, -ін, -н	-қан, -кен

жазу _____
 сақтау _____
 құю _____
 айту _____
 алу _____
 салу _____
 жасау _____

31. Аса, өте, ең күшейткіш үстеулерін сын есімдермен тіркестіріп жазыңыздар.

Үлгі: өте сұлу

..... ұзын кең үлкен
..... бай ыстық көлемді
..... пайдалы салқын құнарлы
..... таза әйгілі сұлу

32. Сөйлем арасына *өйткені, себебі, сондықтан* шылауларының біреуін қойып жазыңыздар.

Ол үйге жетуге асықты, ... ауа райы өзгере бастады. Солтүстік Қазақстан жерінде астық өсіреді, ... жері жұмсақ, құнарлы. Оңтүстік Қазақстанның климаты өте ыстық, ... мақта, жеміс-жидек жақсы өседі. Туристер Түркістанға жиі келеді, ... бұл қалада тарихи ескерткіштер көп.

33. Етістіктерді ауыспалы осы шаққа қойып, сөйлем құрыңыздар.

Үлгі: Егін егу – егін егеді. Күзде егін егеді.

жинау _____
 себу _____

жер жырту _____
қамтамасыз ету _____
даму _____
өндеу _____
бағалау _____
өндіру _____

**34. Есімшенің жұрнақтарын анықтаңыздар.
Сөз тіркестерін құрастырып жазыңыздар.**

Үлгі: *жырт+ атын жер*

өсіретін – _____, өндіретін – _____,
өңдейтін – _____, дамиды – _____,
жинайтын – _____, себетін – _____,
қамтамасыз ететін – _____, бағалайтын – _____,
тігетін – _____, жөндейтін – _____,
өсетін – _____, аулайтын – _____

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (–) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Сөйлемнің бастауышы мен баяндауышы зат есімнен болса, бастауыштан кейін сызықша қойылады.

35. Бастауыштан кейін сызықша қойыңыздар.

Үлгі: *Атырау – мұнаймен әлемге белгілі өңір.*

1. Қостанай еліміздің ең астықты өлкесі.
2. Қарағанды көмірге, жезге, мысқа, түрлі-түсті металға бай аймақ.
3. Шымкент мақтаға бай жер.
4. «Бір уыс мақта» өте қызықты әңгіме.

36. Берілген суреттер бойынша «Жері байдың – елі бай» тақырыбына шағын әңгіме құрып жазыңыздар.





7

ТҮРКИСТАН – КУЕЛИ ҚАЛА





Сабақ түйіні

- Көне қалаларға қатысты басым лексика
- Грамматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз

**1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.**

табиғат, кесене, мұнара, құмыра, медресе, су құбыры, көш, керуен, құрылыс, іргетас, тайқазан, күмбез, ою-өрнек, кент, тарих, тас, қыш, кие, қақпа, шаһар, заманауи

2. Суретпен жұмыс.

1. Мына суреттерді қараңыздар.
Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Түркістан – тарихы бай, көне қала
- Ахмет Йасауи кесенесі
- Қала ғимараттары және оның табиғаты

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.**Түркістан – киелі қала**

Түркістан – Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Тарихшылар Түркістанды ұлы қала деп атайды. Түркістанның іргетасы V-VI ғасырларда қаланған. Бұл қала Ахмет Йасауидің арқасында Түркістан атанған. Осы ежелгі қалада қазақ хандары мемлекеттік істерді жүргізген. Ол Қаратау мен Сырдарияның ортасында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасқан.

Ахмет Йасауи кесенесі – Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында салынған архитектуралық ғимарат. Оны бүкіл қазақ халқы, түркі әлемі ерекше қасиет тұтады. Бұл қалада ескі медреселер, мешіттер де салынған. Түркістан – су құбырлары, қыштан салынған үйлері, керуен кіріп-шығатын қақпалары бар көрікті қала. Тарихы бай, көне қалада қолөнер жақсы дамыған. Қолөнершілер тастарға, қыш құмыраларға, ұлттық киімдерге ою-өрнек салған. Қасиетті жерде қыштан жасалған түрлі бұйымдар мен тас ескерткіштер көп.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ!

көне қала
Тайқазан
кесене
Ұлы Жібек жолы
керуен
қолөнер

Түркістанның жанында көне Отырар, Тараз шаһарлары да орналасқан.

Адамдар ауа райы ыстық, топырағы жұмсақ, табиғаты ға-жайып көне қаланы ғасырлар бойы сақтап келді.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.
2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тыңдап, оқыңыздар.
2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Түркістанның іргетасы қай ғасырларда қаланған?
- Түркістан қаласы қай жерде орналасқан?
- Ахмет Йасауи – кесенесі қандай ғимарат?
- Түркістан – қандай қала?
- Көне қалалар мен заманауи қалалардың айырмашылығы неде?
- Түркістанның жанында қандай қалалар болған?
- Түркістанда қандай қолөнер түрі дамыған?
- Түркістанның табиғаты қандай?

Грамматика

7. Мәтіннен төмендегі сызба үлгісіндегі барлық сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

Сын есім → Зат есім

Үлгі: Қасиетті → жер

Зат есім → Зат есім

Үлгі: Қазақ → халқы

8. Мәтіннен көмекші есімдермен берілген сөйлемдерді көшіріп жазыңыздар.

Үлгі: Түркістанның жанында

9. Төмендегі сызба үлгісі бойынша білетін сөздеріңізді пайдаланып, сөз тіркестерін құрыңыздар.

Зат есім + тәуелдік
жалғаудың III жағы +
Ауа + сы

Сын есім
жылы



Пікірталас

10.

• **Топтық жұмыс.**

Тақырыпты талқылаңыздар:

Сіздерге Қазақстандағы қандай көне шаһарлар мен заманауи қалалардың сәулет құрылысы ұнайды?

Тыңдаймыз

11. Тыңдау алдындағы кезең.

• *Түркістанға саяхат жоспарын оқыңыздар.*

1. Ахмет Йасауи кесенесіне саяхат жасаймын.
2. Тайқазанды тамашалаймын.
3. Ескі әшекейлерді, қыш құмыраларды, ағаштан жасалған бұйымдарды суретке түсіремін.
4. Көне жазбаларды оқимын.
5. Түркістандағы «Шығыс» базарын аралаймын.
6. Дәмханада тамақтанамын, тандыр нанының дәмін татамын.

12. Сұхбатты тыңдап, тапсырманы орындаңыздар.

- *Бекболат пен Бористің сұхбатын тыңдаңыздар.*
- *Бекболат Түркістан қаласының қандай көрікті жерлеріне саяхат жасады? Не көрді, не сатып алды?*

Кесенеді

Борис: – Сен кезекті демалысында қайда бардың?

Бекболат: – Түркістан қаласына бардым. Онда екі апта демалдым. Қожа Ахмет Йасауи кесенесінде болдым.

Борис: – Мен Түркістанда болған жоқпын, бірақ интернеттен, теледидардан Йасауи кесенесін көрдім. Тайқазанды көргім келеді.

Бекболат: – Борис, маған «Тайқазан» ұнады. Өзі қандай үлкен! Оны көріп таңғалдым.

Борис: – Тағы не көрдің?

Бекболат: – Ескі әшекейлерді, қыш құмыраларды көрдім. Барлығын суретке түсірдім. Айтпақшы, мен «Шығыс базарына» бардым. Достарыма, отбасыма сыйлық сатып алдым.



• *Тыңдаудан кейінгі кезең.*

1. Аманжолдың Түркістан қаласына саяхаты

Нені көрді?	Нені көрген жоқ?
Қыш құмыраларды	Отырар қаласын көрген жоқ

13.

«Кесенеде» диалогін монологке айналдырыңыздар.

Оқимыз

14. Мәтінді оқыңыздар.

Тайқазан

Тайқазан – Түркістандағы қасиетті қазан. «Тайқазанды» Әмір Темір жасатып, Иасауи кесенесіне сыйлаған. Оны жеті түрлі металдан жасаған, оған 60 шелек су сияды. Қазан суы қасиетті деп танылған. Тайқазанның салмағы 2 тонна, биіктігі 160 см, көлемі 242 см. Оның қабырғаларында өсімдік тәріздес өрнектер мен араб әрпімен оюланып құйылған жазулары бар.

Тайқазанның сыртында «Алла» және «Бақытты болыңыз» деген сөздер 14 рет жазылған.

Халқымыз және қаланың қонақтары бұл көне ғасыр ыдысын ерекше құрметтейді. Тайқазан – бірліктің, татулықтың белгісі.



15. Монологпен жұмыс.

1. Монолог мәтінін мазмұндаңыздар.
2. Монолог мәтінін пайдаланып, «Тарихи қала – Түркістан» тақырыбына эссе жазыңыздар.

Жазамыз

16. Сұрақтарға жауап жазыңыздар.

1. Тайқазанның салмағы, биіктігі, көлемі қанша?
2. Тайқазанның сырты қалай безендірілген?
3. Тайқазанды кім жасатқан?
4. Тайқазан ненің белгісі?

17. Төменде берілген сөздерді үлгі бойынша күрделендіріп, сөйлем құрыңыздар.

- Үлгі:**
1. *Түркістан*
 2. *Түркістан қаласы*
 3. *Түркістан қаласы – киелі*
 4. *Түркістан қаласы – киелі қала*

Берілген сөздер: Тайқазан, мұнара, медресе, қақпа

18. Рөлге бөліп оқыңыздар. Үлгі бойынша сөйлеп әңгімелесіңіздер.



Мөлдір: – Біз Қазақстандағы көне ескерткіштер, жәдігерлер, кесенелер, мұражайлар туралы әңгімелесейікші.

Мақсат: – Мен киелі жер – Түркістан қаласына барып, Ахмет Йасауи кесенесін көрдім.

Анжела: – Түркістанда ескі ғимараттар, кесене, медресе-мектептер және тайқазан бар деп естідім.

Ботагөз: – Мен Астана қаласында салынған жаңа мешітті көрдім. Мешіттің іргетасы биік, күмбезі аспан түстес, сәулеті әдемі екен. Мешіттің төрт мұнарасы бар.

Мөлдір: – Ал мен Қазақстанның ұлттық музейінен ескі құмыраларды, түрлі-түсті металдан жасалған әшекейлерді, қазақтың ою-өрнегін көрдім.

Мақсат: – Мен музей экспонаттарын тамашаладым.

Ботагөз: – Біздің жеріміз тарихи ескерткіштерге өте бай. Олар – ел мақтанышы.

Сөйлейміз

19. Монологтен диалог жасаңыздар.

Отырар – қазақ халқының көне қалаларының бірі. Қаланың үйлері қыштан салынған. Көшелері кең, керуен кіріп-шығатын қақпалары болған. Қалада медресе-мектептер ашылған. Сондай бір ғажайып медресе-мектеп Түркістанда болған. Медресенің мұғалімі ақын Қожа Ахмет Йасауи еді. Сондай-ақ қала халқы қолөнермен және саудамен айналысқан.

20. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Отырар – қандай қала?
2. Қала халқы немен айналысқан?
3. Қалада медресе-мектептер болған ба?
4. Түркістандағы медресенің мұғалімі кім болған?

21. Сөздерді сәйкестендіріңіздер.



22. Сызба бойынша мәтін мазмұнын әңгімелеңіздер.



23. Жоба үлгісін ұсыныңыздар.

- **Жоба:** «Түркістанда туризмді дамыту»
- **Жоба жасаудың кезеңдері:**
 - Түркістан қаласының тарихы туралы кітаптарды оқыңыздар;
 - Түркістан қаласы туралы суреттер жинаңыздар;
 - Түркістан туралы жарнама, интернет сайтына ақпарат дайындаңыздар;
 - Түркістанда туризмді дамыту туралы жобаны слайд арқылы көрсетіп, талқылаңыздар.



1. Сөздерді орын тәртібі арқылы байланыстырыңыздар.

Үлгі: *ескі қала*

Сын есімдер: көне
ғажайып
тарихи
сұлу
киелі
көрікті
қымбат
жұмсақ
ыстық

Зат есімдер: шаһар
медресе
ғимарат
қала
Түркістан
кесене
тас
топырақ
ауа

2. Сөздерді үлгі бойынша тіркестіріңіздер.

Үлгі: *кесененің жаны+нда, қаланың сырты+нда*

_____ алды _____,
_____ үсті _____,
_____ басы _____,
_____ беті _____,
_____ асты _____,
_____ арасы _____,
_____ жаны _____

_____ арты _____,
_____ шеті _____,
_____ іші _____,
_____ сырты _____,
_____ ортасы _____,
_____ маңы _____

Жалпы есімдер: *Түркістан, медресе, ескерткіш, тастар, шаһар, есік, мұражай, медресе-мектептер, мешіт, үй, қақпа, көше, өзен, ағаш.*

3. Тәуелдік жалғауының III жағында тұрған зат есімді сын есіммен байланыстырып жазыңыздар.

Үлгі: Ауа+сы ыстық,

_____ ыстық, _____ жұмсақ, _____ киелі, _____ ескі

4. Берілген етістіктерді бұрынғы өткен шақта жіктеніңдер.

Үлгі: I. Мен кел+ген+мін I. Біз кел+ген+біз
II. Сен кел+ген+сің II. Сендер кел+ген+сіңдер
II. Сіз кел+ген+сіз II. Сіздер кел+ген+сіздер
III. Ол кел+ген III. Олар кел+ген

I. Мен орналас+қан+мын	I. Біз
II. Сен	II. Сендер
II. Сіз	II. Сіздер
III. Ол	III. Олар

I. Мен көр+ген+мін	I. Біз
II. Сен	II. Сендер
II. Сіз	II. Сіздер
III. Ол	III. Олар

I. Мен сыйла+ған+мын	I. Біз
II. Сен	II. Сендер
II. Сіз	II. Сіздер
III. Ол	III. Олар

I. Мен сал+ған+мын	I. Біз
II. Сен	II. Сендер
II. Сіз	II. Сіздер
III. Ол	III. Олар

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (“ ”) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Объект етіп алынған жеке сөйлемдер, сөздер не сөз тізбектері, сондай-ақ әріптер, буындар тырнақшаға алынады.

5. Тырнақшаны дұрыс қойыңыздар.

Үлгі: Тайқазанның сыртында «Алла» және «Бақытты болыңыз» деген сөздер 14 рет жазылған.



Қожа Ахмет Йасауи
кесенесі



Тайқазан




СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

Қаңтар айында университеттің Мәдениет сарайында «Киелі топырақ – Түркістан» атты жастардың ғылыми-практикалық конференциясы өтеді. Сіз осы конференцияда баяндама жасауыңыз керек. Сізді толғандыратын өзекті мәселелер ...

8

ТАБУФАТ ТАМАШАСЫ



Сабақ түйіні

- *Табиғат, қоршаған ортаға қатысты басым лексика*
- *Грамматикалық минимум*

Тыңдаймыз. Оқимыз

1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

табиғат, қоршаған орта, орман, тіршілік, өмір, дала, табиғат құбылысы, тау, қайың, теңіз, қар, аяз, боран, өндіріс қалдықтары, қоқыс, лас, кір, өткінші жаңбыр, жануарлар әлемі, шағала



2. Суретпен жұмыс.

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Табиғат – тіршілік көзі
- Адамзатты ойландыратын экологиялық мәселелер
- Табиғатқа қамқорлық жасау

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Табиғат тамашасы

Табиғат – адам үшін ең қасиетті де қастерлі ұғым. Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін емес. Себебі адам өзіне керекті заттардың бәрін табиғаттан алады.

Табиғат – өмір айнасы. Қалың орман, тұщы су, гүлдердің хош иісі, сұлу ағаштар, таза ауа – тіршілік көзі. Кең дала, тау бұлағы, туған жердің самал желін бағалай білу керек. Адамның өмірі осы табиғат құбылыстарымен байланысты.

Бүгінгі таңда бүкіл адам баласын ойландырып отырған үлкен экологиялық мәселелер бар. Өндіріс қалдықтарының қор-

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ

табиғат құбылыстары өмір айнасы тіршілік көзі табиғатты қорғау

шаған органы ластауы, ормандардың өртке шалдығып азаюы, теңіздердің құрғап қалуы, кейбір жануарлар мен өсімдік түрлерінің жоғалып кетуі – осының бәрі экологиялық мәселелер.

Бұл мәселелердің адам өмірінде маңызы зор. Адам өзі өмір сүріп отырған табиғат-үйіне қамқорлық жасауы тиіс. «Бір тал кессең, он тал ек» деп бабаларымыз айтқан қағиданы жас ұрпақ есінде сақтауы керек.

Табиғаттың қоры шексіз емес, сондықтан оның байлығы ормандарды, жасыл желектерді қорғау – баршамыздың міндетіміз және борышымыз.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.
2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңыздар, оқыңыздар.
2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- 1) Адамның табиғатсыз өмір сүруі мүмкін бе?
- 2) Тіршілік көзі не?
- 3) Табиғатты сақтау керек пе?
- 4) Табиғатты сақтау туралы бабалардың айтқан сөзін білесіз бе?

Грамматика

7. Төмендегі сызбаны пайдаланып, мәтіннен сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

Зат есім + зат есім	Сын есім + зат есім	Зат есім + етістік
Табиғаттың қоры	Қалың орман	Теңіздердің құрғап қалуы

8. Мәтіннен етістіктерді тауып, оларды «тиіс», «керек» сөздерімен тіркестіріп жазыңыздар.

Үлгі: сақтауы керек

9. Сәйкестендіріңіздер.

экологиялық
тіршілік
кең
самал
қалың
тұщы

көзі
мәселе
су
орман
жел
дала

10. Жоғарыдағы берілген сөз тіркестерімен сөйлем құрыңыздар.

Пікірталас

11.

• *Топтық жұмыс.*

- Талқылау сұрағы: Қоршаған ортаның болашағы қандай?
- Еліміздегі экологиялық мәселелер.
 - Оларды шешу жолдары.

Тыңдаймыз

12.

1. *Сіздер қандай ағаштарды білесіздер? Өлеңді тыңдаңыздар.*
2. *Көп нүктенің орнына бағанада берілген сөздерді қойып, өлеңді оқыңыздар.*

Жас _____ айтады:
Сындырма мені,
Мен – жақсылық кені!
Мен – денсаулық емі!
Мен еркелетем сені!
Күтсеңдер _____ ашам!
Жолыңа нұр шашам!
_____ жаныңнан сипар,
_____ арқаңнан қағар.
Саяма сағаларсың,
Салқындап дем аларсың!
(Ө.Тұрманжанов)

гүл
ағаш
жапырағым
бұтағым

13. Өлеңді қайтадан тыңдап, өздеріңізді тексеріңіздер.

Жазамыз

14. Суреттерге сәйкес сөйлемдер жазыңыздар.



15. Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.

16. Өлең мәтінін пайдаланып, сұрақтар бойынша әңгімеленіңдер.

- 1) Өлеңнің авторы кім?
- 2) Өлең не туралы?
- 3) Өлеңге қандай тақырып беруге болады?
- 4) Өлеңді мәнерлеп оқыңыздар.
- 5) Өлеңді естеріңізге сақтаңыздар.

Оқимыз

17. Монологті оқыңыздар.

Тазалықтың өзі – тәртіп

Қоршаған ортаның тазалығын сақтау үшін елгезектік таныту – адамгершілік пен мәдениеттің белгісі.

Қаланы таза ұстау – қала тұрғындары үшін өзекті мәселе. Сондықтан біз әр сенбі сайын сенбілікке шығамыз. Біз қала көшелері мен даңғылдарын қоқыстардан тазалаймыз, ағаш отырғызамыз. Біздің университетіміздің филология факультетінің студенттері осы сенбіде «Атамекен» саябағына барады. Адамдар саябақ алаңдарына гүл егіп, тал отырғызады. Олар «Тазалықтың өзі – тәртіп» деген бабалар сөзін құрметтейді. Сондықтан олар наурыз айында да қала сыртындағы кішкентай тоғайға барып, ескі ағаштарды кесіп, қоқыстардан тазартады.

Қала тұрғындары ықшамаудандардың, даңғылдар мен көшелердің көрікті болуы және ауаның тазалығы үшін үнемі күреседі.

Сөйлейміз

18. Монолог бойынша сұхбат құрыңыздар, жұп болып әңгімелесіңіздер.

Газет – журнал оқып үйренеміз!

19. Мына сөздерді оқимыз.

жариялама, хат, репортаж, очерк, сын, айдар, пікір

1. Газет жанрлары:

әңгіме, жарнама, жеделхабар, хабарлама, мақала, әзіл-қалжың, сөзжұмбақ

2. Бас редактор:

бас редактордың орынбасары, жауапты редактор, тілші, газет атауы, газет таралымы, газеттің, журналдың шыққан күні, газеттің, журналдың шығу мерзімі

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІНІ

«Егемен Қазақстан» газеті

«Астана ақшамы» газеті

«Ана тілі» газеті

«Жұлдыздар отбасы» журналы

«Қазақ әдебиеті» газеті

3. Газетпен танысамыз.

Астана ақшамы
№ 2 (13) 20 ақпан,
2013 жыл

Мекенжайымыз _____
Таралымы _____
Бас редактор _____

4. Газет туралы мына сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Газетті жиі оқисыздар ма?
- Газет аптасына (айына) қанша рет шығады?
- Газеттің таралымы қанша?
- Газеттің жауапты редакторы кім?
- Биыл қандай газетке жазылдыңыз?
- Газетке жазған мақалаңыз жайлы әңгімелеп беріңіз.

6. Газет материалымен жұмыс.

Тазалықтың өзі – тәртіп

Тазалық – тәртіптің негізі. Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Елордамыз-Астанада жастар ұйымдары тазалық акциясын бастады. Акцияға қаланың белсенді азаматтары қатысады. Олар «Біз таза қала үшін!» экологиялық акциясын өткізеді.

1. Тақырыпты оқыңыздар.

- Тақырып бойынша қанша сөз естеріңізге түседі?
- Сөздердің тізімін жазыңыздар.
- Газет материалын оқыңыздар? Ол не туралы?
- Жер, су, ай атаулары, адам аттары бар ма?
- Бұл хабарлама ма, әлде әңгіме ме?

2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Газет материалы не жайлы?
- Акция қай қалада ұйымдастырылды?
- Тазалық акциясын кімдер өткізеді?

3. Төменде берілген мақал-мәтелдердің қайсысы мәтін мазмұнына сәйкес келеді?

- Тазалық – денсаулық кепілі.
- Дені саудың – жаны сау.

20. Сұхбатты оқыңыздар.

Замандаспен сұхбат

- Бірлік:** – Сәлеметсің бе? Сені көргеніме қуаныштымын. Қалай демалдың?
- Әли:** – Рақмет. Табиғатта демалу жақсы ғой! Бірлік, мен экологпін ғой, табиғат құбылыстарын зерттеп жүр едім. Сенен Қазақстанның табиғаты, өсімдіктері мен жануарлары туралы сұрайын деп едім.
- Бірлік:** – Ал бастайық. Сен сұрақ қой, мен жауап берейін. Келістік пе?
- Әли:** – Иә, Қазақстандағы «Табиғатты қорғау» мәселесі туралы не айтасың?
- Бірлік:** – Табиғатты қорғау – адамның өмір сүруінің негізі. Олай болса, адамдар табиғат байлығын, өсімдіктерді, гүлдер мен ағаштарды қорғап, сақтауы керек.
- Әли:** – Мен де солай деп ойлаймын.
- Бірлік:** – Қазақстанның аумағы өте үлкен ғой. Оның кең даласында жусан, жоңышқа, сарғалдақтар өседі.
- Әли:** – Сирек кездесетін жануарлар туралы не айтар едің?
- Бірлік:** – Жануарлар әлемінен киік, арқар, түлкі, қасқыр және құстардан шағалаларды кезіктіруге болады.
- Әли:** – Әңгімеңе рақмет. Сенің еліңнің табиғаты жайында көп мәлімет алдым. Адамдар табиғаттың қамқоршысы болуы керек.



ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

табиғатты қорғау
қоршаған ортаны
қорғау

кең дала
табиғаттың
қамқоршысы

сирек кездесетін
жануарлар
өсімдіктер

21. Сұхбат мәтіні бойынша төменде берілген өрнектерді оқыңыздар және бір-біріңізбен әңгімелесіңіздер.

Адамдар қоршаған ортаны зерттейді.

Зерттеу

Адамдар табиғаттың құпиясы мен сырын бақылайды.

Бақылау

Адамдар өсімдіктер мен жануарларды қорғайды.

Қорғау

Адамдар табиғатта сирек кездесетін өсімдіктерді, ағаштарды, аңдарды сақтауға көмектеседі.

Сақтау

Адамдар – табиғат қамқоршысы, олар экологияның бұзылмауына қамқорлық жасайды.

Қамқорлық жасау

22. Төменде берілген құрылым бойынша қарсылықты мәнді сөйлем жазыңыздар.

жай сөйлем

, бірақ
, алайда

жай сөйлем

1. Сусыз адамдар өмір сүре алмайды, бірақ _____ ластайды.
2. Орман-тоғай – жердің сәні, алайда _____.

23. Берілген құрылым бойынша себеп мәнді сөйлем жазыңыздар.

жай сөйлем

, өйткені
, себебі

жай сөйлем

1. Табиғатты зерттеу керек, өйткені экология _____.
2. Сирек кездесетін ағаштар мен құстарды сақтау керек, себебі _____.

Лексикалық қор

24. Кестені толтырыңыздар.

	Табиғат құбылысына байланысты өздеріңіз білетін сөздерді жазыңыздар.	Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер
1.	Өткінші жаңбыр	– тез, жылдам жауатын жаңбыр
2.	_____	– кең алқапта өскен көп ағаш
3.	_____	– суы тұзды, бүкіл әлемдік мұхиттың бір бөлігі
4.	_____	– оңтүстікке қарсы жақ, терістік

Оқимыз

25. Екі топқа бөлініп, берілген мәтінді сұрақ-жауап арқылы оқыңыздар.

- Мысалы: - Алтайдың қай мезгілі жауынды болады?
- Алтай жазы жауынды болады.



Алтай (несі?) жауынды болады.

Ашық күндері аз.

Әсіресе, шілде айында күн күркіреп, найзағай ойнайды.

Алтай жазы (қандай?).

Тамыз айының ортасынан (не жауады?).

Қыркүйек туа (қандай?) жел соғып, ертеңгілікте бүкіл табиғат ақ қыраудың астында жатады.

Білесіз бе, (не?) таңғажайып ертегі сияқты.

(Қай ай?) – Алтай үшін қардың айы.

Алтайдың (несі?) өте кеш келеді.

Қыста жауған қар ерігенше, астынан (не көктем?) үлгереді.

(Қай айдан бастап?) нағыз көктем туады.

Жан-жануарларға (не бітеді?), адамдар да шаруаларына кіріседі.

Мамыр айының аяғында бүкіл Алтай (қандай гүлге?), жасыл шөпке оранады.

Көкпеңбек аспанға (қандай бұлт?) жиналып, тау өзендері мөлдір, тап-таза болады.

(О.Бөкей)

2



ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІНІ

жазы жауынды
ашық күндер
күн күркіреді
найзағай ойнайды
алтай күзі
жазы қысқа
жел соғады
қараша қардың айы
көктем туады
тау өзендері

*Алтай жазы (қандай?) болады.
Ашық күндері аз.*

Әсіресе, шілде айында күн күркіреп, найзағай ойнайды.

Алтай (несі?) қысқа.

Тамыз айының (қай кезінен?) ақ жауын жауады.

Қыркүйек туа сұп-суық жел соғып, ертеңгілікте бүкіл табиғат (ненің астында?) жатады.

Білесіз бе, Алтай күзі (қандай ертегі?) сияқты.

Қараша – Алтай үшін (ненің айы?)

(Ненің?) көктемі өте кеш келеді.

Қыста жауған қар (қайткенше?) астынан шөп көктем үлгереді.

Құралайдан бастап нағыз (не туады?).

Жан-жануарға жан бітеді, (кімдер?) да шаруаларына кіріседі.

Мамыр айының аяғында бүкіл Алтай қып-қызыл гүлге, (қандай шөпке?) оранады.

Көкпеңбек аспанға мамықтай бұлт жиналып, тау өзендері (қандай?) болады.

(О.Бөкей)


26. Берілген сөздерді үлгі бойынша күрделендіріңіздер.

Берілген сөздер: тау, табиғат, тал, дала, теңіз, ақ қайың, жел, қоршаған орта

- Үлгі:**
1. Орман
 2. Қалың орман.
 3. Қалың орманға бардым.
 4. Мен қалың орманға бардым.
 5. Мен досыммен қалың орманға бардым.
 6. Мен кеше досыммен қалың орманға бардым.

27-жаттығу. Синонимдік қатарды сәйкестендіріңіздер. Сөз тіркестерін құрыңыздар.

Үлгі: заңғар тау




28. Мәтінді оқыңыздар. Мәтінге жарнама жазыңыздар.

Ауа да, су да – байлық

Табиғат – жер, жер – ана. Біздің барлық өміріміз қоршаған ортамен байланысты. Таза ауа, жасыл орман, мөлдір су, биік таулар, кең дала – адамның өмір сүретін мекені. Адам бар байлықты табиғаттан алады. Бесінші маусым – қоршаған ортаны қорғау күні. Бұл мерекеге балалар мен жасөспірімдер көп қатысады. Себебі олар қоршаған ортаның таза болуы үшін күреседі.

29. Мәтінді толықтырыңыздар.

Біз... барлық өміріміз қоршаған орта... байланысты. Таза ауа, жасыл орман, мөлдір су, биік таулар, кең дала – адам... өмір сүретін мекен.... Адам бар байлық... табиғат... алады. Бесінші маусым – қоршаған орта... қорғау күні. Бұл мерекеге бала... мен жасөспірім... көп қатысады. Себебі олар қоршаған орта.... таза болуы үшін күреседі.



30. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойып жазыңыздар.

- 1) Таза ауа, жасыл орман, кең дала.
- 2) Байлықты табиғаттан алады.
- 3) Бұл мерекеге қатысады.
- 4) Балалар мен жасөспірімдер қатысады.
- 5) Таза болуы үшін күреседі.

Қатысымдық алаң

31.

1. «Қала тазалығы – мәдениеттілік өлшемі» тақырыбы бойынша өз ойларыңыз бен ұсыныстарыңызды жазыңыздар.

Менің бес ұсынысым:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____

2. «Бір тал кессең, он тал ек» деген қанатты сөзді түсініп, қысқаша әңгіме жазыңыздар. Оған тақырып материалдарын пайдаланыңыздар.

ЖАЗЫЛЫМ

32. Зат есімдерді сын есімдермен тіркестіріп жазыңыздар.

Үлгі: кең ^х дала

_____ орман, _____ гүл, _____ табиғат, _____ тал,
_____ дала, _____ қар, _____ тау, _____ қайың, _____
теңіз, _____ жел, _____ ағаш, _____ өзен, _____ көл,
_____ қыз

Сын есімдер: түрлі-түсті, қалың, сұлу, жас, аппақ, биік, мөлдір, қатты,
таза, кір, жаман, жасыл, кең, терең

33. Үлгі бойынша бұйрық райдың жекеше және көпше түрін жасаңыздар.

- Үлгі:** 1) Табиғатты қорға+йын
Табиғатты қорға+йық,
2) Орманға бар+айын
Орманға бар+айық,

табиғатты сақтау – _____, гүл отырғызу – _____, ағашты күту – _____,
өргіті сөндіру – _____, тал егу – _____,
қоршаған ортаны аялау – _____, көшені тазалау – _____,
қоқысты жинау – _____.

34. Көсемшенің -ып, -іп, -п жұрнақтарының астын сызыңыздар. Оларды -ды, -ді, -ты, -ті жұрнақтарымен ауыстырыңыздар.

- Үлгі:** Ормандарды өрт шалып,
Ормандарды өрт шалды.

теңіздер тартылып _____
гүлдер солып _____
аққайыңдар азайып _____
қоршаған ортаны қорғап _____
көшелер ластанып _____
қоқыстарды жинап _____
аң-құстар азайып _____

35. Үлгі бойынша сөз тіркестерін жасаңыздар.

- Үлгі:** аң-құстар сиреп барады

аққайыңдар азайып _____
хайуанаттар азайып _____
гүл солып _____
теңіздер тартылып _____

36. Берілген сөздермен сөз тіркестерін жазып үйренейік.

- Үлгі:** таза - таза ауа, таза көше, таза бөлме,
таза киім, таза ыдыс, таза қала

туған _____
сұлу _____
кең _____
қалың _____



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

«Егер мен Қоршаған ортаны қорғау министрі болсам, Алматы қаласының ластану мәселесін қалай шешер едім?» деген тақырыпқа пікірталас ұйымдастырыңыздар.



9

ЗАМАНАУИ КУИМ ҮЛГІЛЕРІ



Сабақ түйіні

- *Киім түрлеріне, баскиімге, сырткиімге, аяқкиімге қатысты басым лексика*
- *Трагматикалық минимум*

Тыңдаймыз. Оқимыз



1-жаттығу. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

сырткиім, тон, ішік, былғары, киім, бешпент, шапан, баскиім, тымақ, бөрік, аяқкиім, етік, сәнді киім, етек, жең, білезік, шашбау, моншақ, белдік, әшекей, зергерлік бұйымдар

2-жаттығу. Суретпен жұмыс.

1. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3-жаттығу. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Киім – адамның тіршілігіне қажетті бұйым
- Киімнің түрлері
- Қазақ халқының ұлттық киімдері
- Заманауи киімдер

4-жаттығу. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

Заманауи киім үлгілері

Киім – адамның күнделікті және әлеуметтік тіршілігіне аса қажетті бұйым. Киім адамға эстетикалық сән береді. Жапырақ ағашқа көрік берсе, киім адамға көрік береді және оны ыстық, суықтан, жауыннан қорғайды. Киім мақта, жүн, синтетика, жібек, барқыт маталарынан тігіледі.

Киімнің классикалық, спорттық, ұлттық, заманауи, жұмысқа арналған және тағы басқа түрлері көп. Киім адамның жас ерекшелігіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: бала киімі, жасөспірімдер киімі, арулар киімі, ересектер киімі, ресми және ұлттық киімдер.

Киім – белгілі бір ұлттың, мәдениеттің бет-бейнесін көрсетіп тұратын ғажайып дүние. Қазақ халқының ұлттық киімдері – оның тарихы мен мәдениеті, салт-дәстүрінің белгісі. Ұлттық киімдердің етек-жеңіне ою-өрнек салынады. Киімге бағалы тас-тар тағылады.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІНІ

*былғары, белдік
әшекей, шашбау
білезік, ішік*

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында мәдениет, өндіріс, экономика дамыды. Елдердің арасында сауда-саттық та дами түсті. Осыған байланысты саудагерлер шетелдің сәнді киімдерінің үлгілерін әкеле бастады.

Қазіргі кезде адамдар жұмыс орындары мен мекемелерде костюм-шалбар, жағасы бар жейде, галстук, көйлектер сияқты киімдерді киеді. Бүгінде сәнгер-дизайнерлер жаңа заманға сай ыңғайлы да әдемі киім үлгілерін ұсынууда.

Қызметкерлер салтанатты кештерге, ресми жиналыстар мен кездесулерге сәнді әрі талғаммен киінеді.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.

2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тағзы бір рет тыңдаңыздар, оқыңыздар.

2. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

- Киім адам өмірінде қандай рөл атқарады?
- Киімнің қандай түрлері бар?
- Киім қандай маталардан тігіледі?
- Ұлттық киімдер ненің белгісі?
- Қазіргі уақытта адамдар қалай киінеді?

Грамматика

7. Берілген етістіктерге есімшенің жұрнақтарын жалғап жазыңыздар.

Үлгі: *Кию* → *киетін*

Қорғау →

Беру →

Тігу →

Тағу →

Ұсыну →

Бөлу →

8. Етістіктерге ырықсыз етіс жұрнағын жалғаңыздар.

Үлгі: *Кию* → *киіледі*

Қорғау →

Беру →

Тігу →

Тағу →

Ұсыну →

Бөлу →

9. Тәуелденген сөздерге септік жалғауларын жалғаңыздар.

№	Тәуелденген сөз	Барыс септігі	Табыс септігі	Жатыс септігі	Шығыс септігі
1	киімі	киім-і-не	киім-і-н	киім-і-нде	киім-і-нен
2	жеңі				
3	етегі				
4	көйлегі				
5	ою-өрнегі белдігі				

Пікірталас

10-жаттығу.

• *Топтық жұмыс.*

«Маған ұнайтын киім үлгілері»

Ұлттық киім	Спорт киімі	Қазіргі заманғы киім

Мәселелер:

- Асыл тасты әшекейлер тағу қажет пе?
- Синтетикалық киім ұнай ма?
- Қандай матадан жасалған киімді киген дұрыс?
- Талғаммен киіну үшін сәнгерлердің көмегі керек пе?

Тыңдаймыз

11. Мәтінді тыңдаңыздар.

Мерекелік кеште

- Амир:* – Фархад, мерекелік кешке спорт киімімен келгенсің бе? Неге сәнді киімді киіп келмедің?
- Фархад:* – Бұл спорт киімі болғанымен, ыңғайлы әрі сәнді киім деп ойлаймын, өзіме ұнайды.
- Амир:* – Біздің топтағы қыздардың бәрі сұлу. Олар талғаммен киінеді екен.
- Фархад:* – Ұзын қоңыр көйлек киген біздің Әсем емес пе?
- Амир:* – Былғары қара белдігі қандай әдемі, өзіне жарасып тұр! Фархад, анау қара джинсы, қызыл жейде киген кім?
- Фархад:* – Ол өзіміздің сәнқой Денис.
- Амир:* – Қалай ойлайсың, Фархад, осындай мерекелік кешке қандай киім киіп келу керек?

Фархад: – Мұндай кештерге жігіттер көк немесе қара түсті костюм, ақ жейде киеді, әдемі әрі сәнді галстук тағады. Ал қыздар ұзын не қысқа көйлек киеді не болмаса юбка мен ақшыл түсті көйлек кигенді ұнатады.

Амир: – Меніңше, қазіргі жастар талғаммен киінеді.

Фархад: – Мен де солай деп ойлаймын.

Жазамыз

Қайда?	Кімдер?	Киім түрлері
Мерекелік кеште	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____
_____	_____	_____

13. Сәйкестендіріңіздер.

Мерекелік кеште

Футбол ойнау үшін

Наурыз мейрамында

Жұмыста

ұлттық киім киеміз

сәнді киім киеміз

жұмыс киімін киеміз

спорт киімін киеміз

Сөйлейміз

14.

• «Маған ұнайтын киім үлгілері» тақырыбына әңгімелесіңіздер.

Оқимыз

15. Мәтінді оқыңыздар.

Адам көркі - әшекей

Әшекей – мойынға, кеудеге, қолға, белдіктерге тағатын бұйым. Кез келген әдемі әшекей адамға көрік береді. Қыздар мен арулар әшекейлерді жұмысқа, мерекелерге, тойларға тағады.

Сырға – құлаққа тағатын сәнді бұйым. Оны қыздар мен әйел адамдар құлақтарына тағады. Сырға жасалуына қарай алтын сырға, күміс сырға, гауһар тасты сырға, оюлы сырға, жапырақ тасты сырға, маржан тасты сырға деп бөлінеді.


Қыздар мен әйел адамдар білезікті білегіне, моншақ пен алқаны мойнына тағады. Ал жүзік пен сақинаны саусағына киеді.

Белдік – адамның беліне тағатын сәнді бұйым. Ер адамдар да, әйел адамдар да белдік тағады. Белдіктер жіңішке, жалпақ әрі сәнді болады. Белдіктерді былғарыдан, қатты маталардан жасайды.

Айна, тарақ, түйреуіштер де әшекейлерге жатады. Әшекейлер қымбат металл мен таза, асыл тастардан жасалады. Гауһар және маржан тасты әшекейлер мен алтыннан жасалған бұйымдардың бағасы өте қымбат. Сондай-ақ әшекей бұйымдар арзан металл мен шыныдан да жасалады.

16.

- Мәтінді қайталап оқыңыздар.
- Сөздерді сәйкестендіріңіздер.



Жазамыз

17. Әсемге, Әдеміге және Көркемге әшекей тағыңыздар.



Бұл – Әсем.

Бұл – Әдемі.

Бұл – Көркем.

18. Қос сөздерді тақырып бойынша бөліп жазыңыздар.

аяқ-киім, етек-жең, ата-ана, әке-шеше, костюм-шалбар, ыдыс-аяқ, ас-су, бала-шаға, аға-іні, дәм-тұз, киім-кешек, жауын-шашын, көрші-қолаң, той-думан, құрт-май, кемпір-шал, ауру-сау, бай-кедей, дәрі-дәрмек, жер-су, аға-бауыр



I тақырып. Киім:

.....
.....
.....
.....
.....



II тақырып. Ыдыс:

.....
.....
.....
.....
.....



III тақырып. Туыс, адам:

.....
.....
.....
.....
.....



IV тақырып. Денсаулық:

.....
.....
.....
.....
.....



V тақырып. Табиғат:

.....
.....
.....
.....
.....

Оқимыз

19. Монологті оқып, диалог құрыңыздар.

Менің әжем алпыс жаста. Оның аты – Мейіргүл. Бұрын мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Қазір ол – зейнеткер. Ол киім тіккенді ұнатады. Өзі ерекше талғаммен киінеді. Өзіне және немерелеріне жазғы киімдерден көйлек, жейде, костюм-шалбар тіксе, қысқы киімдерден өзіне шапан, тон, немерелеріне пальто тігеді. Әжем шапанның етек-жендеріне ою салады.

Менің әжем - аққұба келген, орта бойлы, толықтау адам. Оның саусақтары ұзын. Қолы шебер. Ол түрлі әшекейлер таққанды ұнатады. Қолына әрқашан күміс білезік және сақина салады. Қонаққа барғанда жібек көйлегін киеді, сәнді сөмкесін ұстайды. Менің әжем – мейірімді адам. Біз оны жақсы көреміз.

20. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

	Сұрақтар	Жауаптар
1.	Әжеңіздің мінезі қандай?	_____
2.	Ол бос уақытында немен айналысады?	_____
3.	Әжең қыста не киеді?	_____
4.	Әжең күзде, көктемде қандай киімдер киеді?	_____
5.	Әжең жазда қандай киімдер киеді?	_____

Жазамыз

21. Сөйлемдерді түсініп оқып, таныс емес сөздердің астын сызыңыздар. «Киім» тақырыбы бойынша сөздерді теріп жазыңыздар

1. Алтын адамның биік бас киімі, бешпенті, шалбары мен етігіне дейін 200-ден астам аң, құс сияқты алтын әшекейлермен безендірілген.
2. Сақинасы алтыннан жасалған.
3. Оның «Алтын адам» аталуы да сондықтан.

22. «Тағы не болады?» ойынына қатысып, ұпай жинаңыздар.

- 1) Жібек көйлек болады,
- 2) Барқыт шапан болады,
- 3) Алтын сақина болады,
- 4) Жүннен тоқылған қолғап болады,
- 5) Былғары етік болады,
- 6) Жазғы киім болады,

23. Сөйлемді толықтырыңыздар.

- 1) Қыздар сырғаны _____ тағады.
- 2) Әйелдер білезікті _____ салады.
- 3) Әйелдер алқаны _____ тағады.
- 4) Әжем сақинаны _____ салады.
- 5) Әйел адамдар белдікті _____ тағады.
- 6) Белдіктерді _____, _____ жасайды?



- 7) Әшекейлерге _____, _____, _____ жатады?
 8) Әшекейлерді жұмысқа _____ тағады
 9) Алтын сырға, _____ сырға, _____ сырға, _____ сырға,
 _____ сырға болады.

Қатысымдық алаң

24. Жоба үлгісін ұсыныңыздар.

- **Жоба:** «Қазақтың ұлттық киімінің қазіргі заманғы үлгісі»
- **Жоба жасаудың кезеңдері:**
 - Ұлттық киімдегі адамдардың суретін жинаңыздар;
 - Еуропалық үлгідегі киім киген адамдардың суретін жинаңыздар;
 - «Сымбат» журналын оқып, киім үлгілерін қараңыздар;
 - Өздеріңіз жасаған киім үлгілері жобасын топта талқылаңыздар;
 - Жобаны слайд арқылы көрсетіңіздер.



25. Сөз тіркестерінің алғашқы сыңарына сұрақ қойып жазыңыздар.

Үлгі: *киетін тон – қандай тон?*

- киетін тон _____
 беретін сыйлық _____
 тігетін ине _____
 тағатын білезік _____
 жейтін тағам _____
 ішетін сусын _____
 көретін фильм _____
 тыңдайтын ән _____
 ашылатын есік _____
 ұнайтын бөрік _____
 орындайтын тапсырма _____
 көмектесетін бала _____

26. Төмендегі сөз тіркестерін тәуелдік жалғауының I, II жағына қойыңыздар.

Үлгі: *киетін тоным — киеітін тоның,
киетін тоныңыз*

беретін сыйлық _____
тігетін ине _____
тағатын білезік _____
жейтін тағам _____
ішетін сусын _____
көретін фильм _____
тыңдайтын ән _____
ұнайтын бөрік _____
орындайтын тапсырма _____
көмектесетін бала _____

27. Көп нүктенің орнына төменде берілген сөздердің бірін қойып жазыңыздар.

Үлгі: *Досыма беретін сыйлығым.*

_____ беретін сыйлығым	_____ тігетін инесі
_____ тағатын білезігім	_____ жейтін тағамы
_____ ішетін сусыным	_____ көретін фильмі
_____ тыңдайтын әнім	_____ ұнайтын бөрігі
_____ орындайтын тапсырмам	_____ көмектесетін бала

Қажетті сөздер: досыма, анамның, қолыма, күнде, таңертең, күндіз, үнемі бәріне, бізге, университетте

28. Сөздердің түрлі сөздермен қолданысын жазып үйренейік.

Үлгі: *сәнді — сәнді көйлек, сәнді ғимарат,
сәнді киім, сәнді етік, сәнді бөрік*

ұлттық _____
ресми _____
қысқы _____
жазғы _____
көктемгі _____
күзгі _____

29. Сөйлемдерді қажетті сөздермен толықтырып жазыңыздар.

жасөспірімдер *тарихы* *мәдениетінің* *бұйым*

1. Киім – адамның күнделікті тіршілігіне қажет _____ .
2. Киім адамның жас ерекшелігіне қарай _____ мен _____ киімдері деп бөлінеді.
3. Қазақтың ұлттық киімдері – оның _____ мен _____ белгісі.
4. Қазіргі заманның адамдары күнделікті _____, салтанатты _____, ресми _____ талғаммен киініп баруға тырысады.

ересектер *жұмысқа* *кештерге* *кездесулерге*

30. Берілген тірек сөздерді қатыстырып, тақырып бойынша сөйлем құрып жазыңыздар.

Қажетті сөздер:

юбка-костюм, галстук, әсем әшекейлер, жағасы бар ақ жейде, жаңа үлгідегі сәнді туфли, костюм-шалбар, спорт киімдері, юбка, ақшыл түсті көйлек, жеңіл спорттық аяқ киімдер.

Жұмысқа барғанда,
мен ақ жейде ...

Саяхатқа барғанда,
мен жеңіл спорт киімін ...

Театрға барғанда,
мен сәнді көйлек ...

31. Суретті сипаттап жазыңыздар.





10

АНА ТІЛІМ – БАҰЛЫҒЫМ

The background features several overlapping green paper-like shapes with torn edges. On the right side, there is a faint, semi-transparent image of a young boy wearing a traditional cap and a patterned vest over a light-colored shirt.



Сабақ түйіні

- Қоғам, мемлекет, ұлт, этнос, ана тілі, мемлекеттік тіл мәселелеріне қатысты басым лексика
- Трагматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз

**1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.**

қоғам, Елбасы, Ата Заң, ел, халық, ұлт, этнос, тәуелсіз, зайырлы, мемлекет, рәміздер, теңге, құқықтық, республика, қоғам, жер, тіл, ұлттық тіл, ана тілі, шетел тілі, жалпы білім, ұлт өкілдері, білім, тіл

2. Суретпен жұмыс.

1. Мына суреттерді қараңыздар. Сурет бойынша әңгімелесіңіздер.

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- Қазақстан – түрлі ұлт өкілдерінің отаны
- Тілге құрмет – елге құрмет

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.**Ана тілім – байлығым**

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Елімізде түрлі ұлт өкілдері еңбек етіп, тату-тәтті өмір сүруде. Олар еліміздің экономикасы мен өндірісінің, ауылшаруашылығының дамуына өз үлестерін қосып келеді.

Бүгінгі күні елімізде мәдениет пен өнерге, ғылым мен білімге, сондай-ақ спорттың дамуына да айрықша көңіл бөлінуде.

Қазіргі таңда елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдері өз ана тілдерінде білім алып жатыр. Сонымен бірге жексенбілік мектептерде қоғамның белсенді азаматтары өз еріктерімен ұлттық тілдерді үйренуде.

Әртүрлі ұлттардың тілінде теле-радио хабарлар беріліп, газет-журналдар шығады.

Қазақстан халқын біріктіретін ортақ рәміздеріміз бар. Олар – Қазақстанның мемлекеттік Туы, Елтаңбасы, Әнұраны.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҰРСІН!

ұлттық тіл шетел тілі көптілділік саясаты

Біздің елімізде үш тұғырлы тіл саясаты жүзеге асырылуда. Қазақтар мен түрлі ұлт өкілдерінің ортақ мақсаты – мемлекеттік тілді үйрену және құрметтеу. Бұл халықтардың ынтымақтастығын нығайтады.

Бүгінде ұлттық мәдени орталықтар ашылып, өзінің салт-дәстүрін дамытуда.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.

2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңыздар, оқыңыздар.

2. Сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Елімізде қандай ұлт өкілдері өмір сүреді?
- Кімдер өз ана тілінде білім алып жатыр?
- Жексенбілік мектептерде нені үйретеді?
- Еліміздегі газет-журналдар қай тілдерде басылып шығады?
- Тәуелсіз Қазақстанның рәміздерін білесіздер ме?
- Қазақстан халқының ортақ мақсаты не?

Грамматика

7. Сызбаны пайдаланып, сөз тіркестерін құрыңыздар.

Ілік септігі	Тәуелдік жалғауының ІІІ жағы	+	Барыс септігі	→	<i>Елдің</i>	мәдениет... әдебиет... спорт... ғылым... өнер... білім... өндіріс... ауылшаруашылық...
Үлгі: <i>Ел-дің экономика-сы + на</i>						

8. Берілген етістіктерге *-уда// -уде* қосымшасын жалғап, белгілеңіздер (+).

Етістік	-уда	-уде
Өмір сүр		+
Үйрен		

9. Сөздердің синонимдік қатарын жасаңыздар.

- | | |
|----------------------|--------------------|
| 1) Құрметтеу, _____. | 3) Бірлік, _____. |
| 2) Халық, _____. | 4) Нығайту, _____. |

10. Мына сызба бойынша сөз тіркестерін құрыңыздар.

Зат есім + табыс септігі

етістік + -уда//-уде

Үлгі: *Тіл+ қи үйренуде*

11. Мәтіннен бірдей сұраққа жауап беретін сөздері бар сөйлемдерді теріп жазыңыздар.

Үлгі: *Әртүрлі ұлттардың тілінде теле-радио хабарлар беріліп, газет-журналдар шығады.*

12. Берілген сөйлемді екі сөйлеммен беріңіздер.

Қазақстанда тату-тәтті өмір сүріп жатқан әртүрлі ұлт өкілдері еліміздің мәдениеті мен өнерінің, ғылымы мен білімінің, экономикасы мен өндірісінің, ауылшаруашылығының дамуына өз үлестерін қосып жатыр.

Пікірталас

13.

• Топтық жұмыс.

Тақырыпты талқылаңыздар: «Еліміздегі көптілділік саясаты»

Тыңдаймыз

14. Сұхбатты тыңдаңыздар.

Тіл үйренейік

Анель: – Қысқы семестрде біздің тобымызға жаңа студент келді. Оның аты – Света. Ол “Академиялық ұтқырлық” бағдарламасы бойынша Омбы мемлекеттік институтынан келді.

Надир: – Жақсы жаңалық екен.

Анель: – Света бірнеше тілді жақсы біледі. Ол француз, ағылшын, араб тілдерінде еркін сөйлейді.

Надир: – Менің де көп тілді білгім келеді.

Біздің университетімізде ұйғыр, татар, өзбек, неміс ұлттарының өкілдері оқиды. Мен ұйғыр тілін үйреніп жүрмін, өйткені ол – қазақ тіліне жақын тіл.

Менің көршім – Эльза университетте неміс тілін үйреніп жүр. Неміс тілі – оның ана тілі.

Анель: – Мен мемлекеттік тілді оқыту орталығына барып жүрмін. Мен қазақ тілінде жақсы сөйлеймін, жазамын, өйткені мен қосымша сабақтарға қатысамын. Қосымша сабаққа барудың пайдасы мол.

15. Сұхбатты тағы бір рет тындаңыздар.

Кестені толтырыңыздар.

Аты	Қай тілді жақсы біледі?	Қай тілді үйреніп жүр?
Света Надир Эльза Анель		

16. Кестені толтырыңыздар.

№	Тілдер	Тілді білу деңгейі		
		еркін білемін	орташа білемін	білмеймін
1	Қазақ тілі Орыс тілі Түрік тілі Жапон тілі Ағылшын тілі Өзбек тілі Неміс тілі Француз тілі Татар тілі Украин тілі Араб тілі Қытай тілі	+		
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
9				
10				
11				
12				

Сөйлейміз

17. Жоғарыда берілген кестені пайдаланып, әңгімелесіңіздер.

Оқимыз

18. Мәтінді оқыңыздар.

Ана тілім – анамның тілі

Менің туған жерім – Қазақстан. Онда көп ұлт өкілдері өмір сүреді. Әр халықтың қасиетті ана тілі бар.

Ана тіліміз – біздің байлығымыз, қазынамыз, тарихымыз, мәдениетіміз, әдебиетіміз. Ұлттық тіліміз – намысымыз бен арымыз.

Қазір Қазақстанда көп тіл білетін жастар көп. Олар қазақ тілінде, ағылшын тілінде, орыс тілінде еркін сөйлейді.



Бірақ өзге тілді білсең де, өз ана тілінді құрметтеп, ұмытпауың керек. Себебі сенің ана тілің – анаңның тілі.

19.

- Мәтінді қайтадан оқыңыздар.
- Сөздерді сәйкестендіріңіздер.

1. Ана тіліміз
2. Ұлттық тіліміз

- 1) байлығымыз
2) қазынамыз
3) тарихымыз
4) мәдениетіміз
5) әдебиетіміз
6) намысымыз
7) арымыз

Жазамыз

20-жаттығу.

1. Қарсылық мәнді құрылымда сөйлем жазыңыздар.

Үлгі: *Мен орысша түсінемін, бірақ сөйлесе алмаймын.*

1. _____
2. _____
3. _____

2. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін тәуелдеңіздер.

- Ана тілі, ұлт, әнұран, намыс, ар, әдебиет, мәдениет, білім

Менің,,,
Сенің,,,
Сіздің,,,
Оның,,,

Біздің,,,
Сендердің,,,
Сіздердің,,,
Олардың,,,

Менің,,,
Сенің,,,
Сіздің,,,
Оның,,,

Біздің,,,
Сендердің,,,
Сіздердің,,,
Олардың,,,

3. Берілген құрылым бойынша сөйлем құрыңыздар.

Етістік + -ым //-ім

Ана тілімді
Шетел тілін
Тілді

құрметтеу
үйрену
дамыту

керек

Үлгі: *Ана тілімізді ұмытпауымыз керек.*

Оқимыз

21. Сұхбатты оқыңыздар.

Зураб Әзербайжан мемлекетінен келді

Зураб: – Мен Қазақстанға бірінші рет келдім.

Сұрап білгім келетін мәселелер көп.

Фархад: – Ол қандай мәселелер еді, білгенімді айтып берейін.

Зураб: – Сен маған Қазақстан туралы кеңірек айтып берші.

Фархад: – Қазақстан Республикасы – ұлан байтақ ел.

Өз Ата Заңы – Конституциясы, шекарасы, Туы,
Елтаңбасы және Әнұраны бар. Қазақстан Республикасы
демократиялық мемлекет болып табылады.

Зураб: – Мемлекет және қоғам дегеніміз не?

Фархад: – Қоғам мен мемлекет – егіз ұғым. Қоғамсыз мемлекет,
мемлекетсіз қоғам болмайды.

Зураб: – Меніңше, қоғам белгілі бір ұлттың немесе бірнеше
ұлттардың бірігіп өмір сүруі емес пе?

Фархад: – Иә, дұрыс айтасың, біздің елімізде жүзден астам ұлт
және ұлыс өмір сүреді. Олар тату-тәтті өмір сүруде!

Жазамыз

22. Логикалық сызба бойынша берілген сөздермен сөйлем құрыңыздар.



23. Логикалық сызбаны пайдаланып, төмендегі тақырыптардың біріне мәтін құрыңыздар.

1. Қазақ елі – біздің мемлекетіміз.
2. Қазақстан Республикасы – демократиялық мемлекет.

Грамматика

24. Мәтіннен берілген құрылым бойынша қалау рай тұлғасындағы етістіктерді табыңыздар.

Етістік + -ғы, -гі + -м + келеді
-қы, -кі

Үлгі: біл + гі + м келеді.

25. Етістіктерді қалау рай тұлғасында жазыңыздар.

сұрау
бару
айту

келеді

Жазамыз

26. Төмендегі сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңыздар.

- 1) Қоғамсыз мемлекет, мемлекетсіз қоғам болмайды.

- 2) Біздің елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыс бар.

- 3) Қазақстан Республикасы – демократиялық мемлекет.

Лексикалық қор

27. Кестені толтырыңыздар.

Мемлекетке, қоғамға қатысты сөздерді жазыңыздар

Мәжіліс

Жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсініңіздер

- Парламенттің бір Палатасы
- Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады
- Қазақстан Республикасының Конституциясы
- Қазақстан Республикасының рәміздері

28. Мәтінді оқыңыздар.

Оқимыз

Менің елім

1. Қазақстан Республикасы – демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Демократия дегеніміз – сөз бостандығы, сондықтан адамдар өз пікірін, қоғам туралы ойларын ашық айта алады.

2. Зайырлы мемлекеттің азаматтары білімді, мәдениетті болуы керек. Біздің мемлекетіміз – осындай мемлекет.

3. Құқықтық мемлекетте Ата Заңға сәйкес қабылданған заңдарды азаматтар міндетті түрде орындауы керек. Егер адам заңды бұзса, онда заң алдында жауап береді.

4. Тәуелсіз Қазақстан Республикасы – әлеуметтік мемлекет, сондықтан әрбір азамат білім алады, мамандық тандайды және еңбек етеді. Елімізде балалар мен жастар, ересек адамдар емделуге, тұрмысын жақсартуға және зейнетақы алуға құқылы. Үкімет пен Парламент осы мәселелерді жүзеге асыру үшін қызмет етеді.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

*зайырлы мемлекет
құқықтық мемлекет
тәуелсіз мемлекет
әлеуметтік мемлекет*

29. Мәтіннің абзацтарына тақырып беріңіздер.

Жазамыз

30. Сәйкестендіріңіздер.

1. демократиялық
зайырлы
әлеуметтік
құқықтық
2. білімді
мәдениетті
әділетті
ақылды
- мемлекет
- Зайырлы елдің азаматтары

31. Мәтінді оқып, тақырып беріңіздер.

Мәтіндегі ойды дамытыңыздар.

Сөйлейміз

Қазақстан – көпұлтты мемлекет. Қазақ жерінде орыс, неміс, украин, белорус, татар және тағы басқа ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Олар бір-бірін сыйлайды және еліміздің дамуына, өркендеуіне өз үлестерін қосады. Біздің ұжымда да әртүрлі ұлт өкілдері жұмыс істейді. Мен олармен жақсы тіл табысамын _____.



Жазамыз

32. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. Қазақстан ..., ... мемлекет.
2. Қазақ жерінде орыстар, ..., ..., татарлар және тағы басқа ұлт өкілдері өмір сүреді.
3. Халықтар арасында өзара ..., ... қалыптасқан.
4. Мен өмір сүремін.
5. Олар құрметтейді.
6. Мен өзбектің салт-дәстүрлерін

Сөйлейміз

33. Жоспар бойынша әңгіме құрыңыздар.

- I. Менің туған елім.
- II. Халықтар достығы.
- III. Басқа ұлттардың салт-дәстүрі.

Оқимыз

34. Рөлге бөліп оқыңыздар. Полилогті мәтінге айналдырыңыздар.

Мерей

Қуанышқызы: – Еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін қазақ тілі – мемлекеттік тіл болды.

Мемлекеттік тілді оқыту үшін көп жұмыстар жүзеге асырылуда.

Күмісбек: – Иә, білеміз. Қазір қазақ тілінде сөйлей алмайтын адамдар көп.

Анжела: – Менің анам мен әкем қазақ тілін үйреніп жүр.

Мирас: – Олар тіл үйрету курстарына барып жүр ме?

Анжела: – Иә, біздің қаламызда Мемлекеттік тілді оқыту орталығы ашылған. Сол жерге барып тіл үйреніп жүр.

Ира: – Еліміз ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрлерді ұмытпау үшін де жұмыстар жүргізіп жатыр.

Қуанышқызы: – Дұрыс, Ира. Осының бәрі халық арасындағы бірлік пен ынтымақты нығайтады. Біз бәріміз бір шаңырақ астында өмір сүріп жатырмыз ғой!

Ира: – Біздің Туымыз, Әнұранымыз, Астанамыз бәрімізге ортақ.



35. Жоба үлгісін ұсыныңыздар.

1. **Жоба:** «Отаны бірдің – тілі бір» фестивалінің сценарийін жазыңыздар.

2. Жоба жасаудың кезеңдері:

- Отан, тіл, достық туралы өлеңдер мен әндерді жинаңыздар;
 - Жинаған материалдарды топта талқылаңыздар, сценарийге қатыстысын таңдап алыңыздар;
 - Фестиваль сценарийінің жоспарын жасаңыздар:
 - Кімдер қатысады?
 - Қандай киім киеді?
 - Қандай өлең айтады?
 - Қандай ән айтылады?
- Фестиваль сценарийін слайд арқылы көрсетіңіздер.

ЖАЗЫЛЫМ

36. Тұйық етістіктерге жатыс септігінің жалғауын жалғаңыздар.

Үлгі: *үйрен+у+де*

шығару _____, нығайту _____, айналысу _____, біріктіру _____, өмір сүру _____


37. Ресми стильге тән қосымшаларды (-уда, -уде) жалғап жазыңыздар.

Үлгі: *Қазақстанда көптеген этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.*

- 1) Қазақстан Республикасында әртүрлі ұлт өкілдері өмір сүр...
- 2) Олар еліміздің тұрақты дамуына үлестерін қос...
- 3) Әр ұлт өкілдері ана тілдерін үйрен...
- 4) Ел ішіндегі татулық ұлт өкілдерін біріктір...
- 5) Әр ұлттың өкілдері өз тілінде газет-журналдар шығар...

38. Көп нүктенің орнына етістіктерді жазыңыздар.

Үлгі: *айт + ыл+ды, үйрет+іл+ді*



39. Бірықсыз етіс формасындағы етістіктермен сөйлем құрыңыздар.

- 1) Мекемемізде қазақ тілі үйірмесі аш+ыл+ды.
- 2) берілді.
- 3) оқытылды.
- 4) айтылды.
- 5) әкелінді.
- 6) тыңдалды.

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (,) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Бірыңғай толықтауыштар үтір арқылы ажыратылады.

40. Бірыңғай толықтауыштарды анықтап, тыныс белгілерін қойыңыздар.

Үлгі: *Еліміздің мәдениетіне, спорты мен өнеріне, ғылымы мен біліміне үлес қосу - әр адамның міндеті.*

1. Әр баланың өз еліне туған тіліне халқына деген махаббаты болу керек.
2. Мен қазақ тілін орыс тілін ағылшын тілін жақсы білемін.
3. Мен күн сайын газеттермен журналдармен жұмыс істеймін.
4. Радиодан теледидардан жақсы жаңалықтар тыңдадым.

41. Көп нүктенің орнына қажетті әріптерді қойып жазыңыздар.

...емлекет, ...алық, ...оғам, ...етел, ...абар, ...урнал, ...ұрметтеу, ...кілдері, ...тнос, ...азет, ...іріктіру, ...алт-...әстүрі, ...ртақ, ...әміздері, ...лі

42. Берілген сөйлемдерге сұрақ қойып жазыңыздар.

1. _____
Түрлі ұлт өкілдері Қазақстан жерінде тату-тәтті өмір сүреді.

11

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР



ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР

Сабақ түйіні

- Мемлекет, жеке тұлға, әлеуметтік қоғамға қатысты басым лексика
- Грамматикалық минимум

Тыңдаймыз. Оқимыз



1. Басым сөздерді тыңдаңыздар.

мемлекет, әлеумет, басшы, көшбасшы, тұлға, Отан, батыр, көсем, ғалым, ғарышкер, жазушы, маман, қолбасшы, шешен, ғарыш, академик, қоғам, мәмілегер

2. Суретпен жұмыс.

1. Мына суреттердегі тұлғалар сіздерге таныс па?

3. Мәтін ақпаратымен танысыңыздар.

- *М.Әуезов – қазақтың белгілі жазушысы.*
- *Қ.Сәтбаев – ұлы ғалым.*
- *Т.Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері.*

4. Мәтінді тыңдаңыздар, оқыңыздар.

- *Үш топқа бөлініп, мәтінді оқыңыздар.*
1-топ: М.Әуезов туралы мәтінді оқыңыздар.
2-топ: Қ.Сәтбаев туралы мәтінді оқыңыздар.
3-топ: Т.Әубәкіров туралы мәтінді оқыңыздар.



Ұлы тұлғалар

1. Мұхтар Әуезов – қазақ халқының белгілі жазушысы, қоғам қайраткері. Ол 1897 жылы бұрынғы Семей облысында туған. Мұхтарды кішкентай кезінен атасы мен әжесі тәрбиелеген. Оған алғашқы білімді атасы берген, кейін ол Семей қаласының 5 клас-тық орыс училищесін, сонан соң мұғалімдер семинариясын аяқтаған. Жазушының алғашқы туындысы – «Еңлік- Кебек» пьесасы. Ол қазақтың ұлы ақыны Абай туралы роман-эпопея жазған. М.Әуезов Абай бейнесі арқылы сол уақыттың қоғамдық өмірін суреттеді.

М.Әуезов – қазақ әдебиетінің көшбасшысы, аса дарынды жазушы.

2. Қаныш Сәтбаев – тұңғыш ғалым, атақты қазақ геологі, қоғам қайраткері. Ол 1899 жылы Павлодар облысы, Баянауыл ауданында дүниеге келген. Кішкентай Қанышты ата-анасы білімді, дарынды және тәртіпті етіп тәрбиелеген. Ол ауыл мектебінде оқыды. Мектепте өте зерек, дарынды бала болды. Сонан соң Қ.Сәтбаев Томск технологиялық институтын бітірді. Ол Қазақ Ғылым академиясының тұңғыш президенті болып сайланды, Қазақстан ғалымдарының көшбасшысы болды. Ол 1964 жылы қайтыс болды.

Қ.Сәтбаев әділетті, шешімді басшы болды және басқалардан отансүйгіштік қасиетімен ерекшеленді.

3. Тоқтар Әубәкіров – қазақтың тұңғыш ғарышкері, авиация генерал-майоры. Ол 1946 жылы Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, 1 май ауылында туған. Жастайынан әке-шешесінен жетім қалып, әпкесінің тәрбиесінде болды.

Ол 15 жасынан Теміртау қаласындағы зауытта токарь болып жұмыс істеді. Сол қаладағы кешкі мектепті бітірді. 1969 жылы Армавир әскери училищесін аяқтады.

Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы ғарышқа ұшты. Ол – Отанға еңбегі сіңген қоғам қайраткері.

5.

1. Мәтінді қайталап оқыңыздар.

2. Мәтінге дейінгі берілген ой ашылды ма?

6.

1. Мәтінді тағы бір рет тыңдаңыздар, оқыңыздар.

2. Келесі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- М.Әуезов, Қ.Сәтбаев және Т.Әубәкіров қай жылы дүниеге келген?
- Олардың туған жерлерін атаңыздар?
- Оларды ата-анасы қалай тәрбиелеген?
- Олар қандай оқу орындарын бітірген?
- Олардың мамандықтары қандай?
- Олар қандай тұлға болып қалыптасты?
- 1946, 1897, 1899 және 5, 15 сандары қандай тұлғаларға қатысты екенін айтыңыздар.

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

*көшбасшы
қоғам қайраткері
ғалым
шешен сөйлеу
мәмілегер*



7. Төмендегі сөздердің синонимдерін жазыңыздар.

Алғашқы – _____, *Әйгілі* – _____, *Бітірсі* – _____

8. Берілген мәтіннен бұрынғы өткен шақта тұрған сөздерді теріп жазыңыздар.

9. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауында тұрған сөз тіркестерін жазыңыздар.

10. Мәтіндерден күрделі сан есімдерді сөзбен жазыңыздар: 1946, 1897, 1899.

11. Жоғарыда берілген сан есімдерді тиісті етістіктермен тіркестіріп жазыңыздар.

Үлгі: *1946 жылы туған.*

Пікірталас

12. Топтық жұмыс.

“Менің мақсатым – көшбасшы болу” тақырыбы

1. Көшбасшыға тән қасиеттерді айтып беріңіздер.
2. Көшбасшыға шешен болу қажет пе?
3. Көшбасшы басқа ұлттардың мәдениетін, тарихын, әдебиетін білуі керек пе?
4. Көшбасшы болу оңай ма? Сіздің пікіріңіз.

Тыңдаймыз

13. Сұхбатты тыңдаңыздар.

XXI ғасыр көшбасшысы

- Батыр:* – Жұма күні біздің университетімізде «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысы болады. Сен барасың ба?
- Сағынтай:* – Сайыстың қатысушылары кімдер?
- Батыр:* – Оған әр өңірден келген озат студенттер мен магистранттар қатысады?
- Сағынтай:* – Олар күні бұрын іріктеуден өткен шығар?
- Батыр:* – Әрине, оған өте білімді, дарынды, шығармашыл қыздар мен жігіттер қатысады.

- Сағынтай:* – Сайысқа қатысушыларға сыйлықтар беріле ме?
Батыр: – Иә. Сен білесің бе? Финалдық сайыста I орынды иеленген ойыншыға ақшалай немесе заттай сыйлық беріледі.
Сағынтай: – Солай ма? Міне, ғажап!

14. Сұхбатты рөлдерге бөліп оқыңыздар.

15. Топтағы тіл үйренушілерге осы сұхбат ақпаратын әңгімелеп беріңіздер.

Сөйлеуіміз

16. Сұраққа жауап бере отырып, сұхбат құрыңыздар.

1. «XXI ғасыр көшбасшысы» бағдарламасына ұқсайтын қандай сайыстарды білесіздер?
2. Сіздің достарыңыз немесе таныстарыңыз «XXI ғасыр көшбасшысы» зияткерлік сайысына қатысты ма?
3. Сіздің досыңыз «XXI ғасыр көшбасшысының» жеңімпазы болса, оған қандай сауалдар қояр едіңіз?

Оқимыз

17. Мәтінді оқыңыздар.

«XXI ғасыр көшбасшысы» сайысы

«XXI ғасыр көшбасшысы» сайысының мақсаты – еліміздің аса білімді жастарына мемлекет тарапынан қолдау көрсету. Сайыс Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген дарынды қыздар мен жігіттердің білімдерін сынауға және білім гранттарын ұтып алуға көмектеседі. Сайысшыларға ақшалай сыйлықтар да беріледі. Бағдарлама еліміздің дарынды жастарын анықтау және мемлекеттік тілді дамыту мақсатында жұмыс істейді.

«XXI ғасыр көшбасшысы» – менің отбасымның үзбей көретін сүйікті бағдарламасы.

18. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. «XXI ғасыр көшбасшысы» сайысының мақсаты не?
2. Жастарға бұл сайысқа қатысу не үшін қажет?
3. Бағдарлама қандай мақсатта жұмыс істейді?
4. Сізге қандай телесайыстар ұнайды?

19. Сөйлемдерді толықтырыңыздар.

1. «XXI ғасыр көшбасшысы» сайысының мақсаты – _____
_____ қолдау көрсету.

2. Бағдарлама еліміздің _____ анықтау
және _____ тілді дамыту үшін жұмыс істейді.

3. «XXI ғасыр көшбасшысы»
сайысына қатысу үшін
сауалнама толтырыңыздар.

№	Аты-жөні
1	Туған жері, мерзімі
2	Оқу орны
3	Өмірлік ұстанымы
4	Қызығушылығы
5	Білетін тілдері
6	Қатысқан сайыстары
7	Жұлделері

4. Көшбасшыға тән қасиеттерді таңдап, баспалдақтарға
қойыңыздар: *әділетті, әдемі, шешен, дарынды, көркем,
қатты, батыл, батыр, шығармашыл, қабілетті, шешімді.*

1. _____ 2. _____ 3. _____ 4. _____ 5. _____ 6. _____
7. _____ 8. _____ 9. _____ 10. _____ 11. _____

20. Диалогті оқып, монолог жасаңыздар.

Күмісбек: – Әсем, сен қазақ еліндегі қандай белгілі
тұлғаларды білесің?

Әсем: – Мен Ермек Серкебаевты, Асанәлі Әшімовті
және тағы басқаларын білемін.

Күмісбек: – Мен Талғат Мұсабаев туралы көп оқыдым.
Ол көп еңбектеніп, жетістіктерге жеткен.

Әсем: – Олар мақсаттарына жету үшін, көп еңбек етті.

Күмісбек: – Бұл тұлғаларды қазақ елінің кез келген азаматы
жақсы біледі.

Әсем: – Иә, келісемін.

**21. М.Әуезовтің «Татьянаның қырдағы әні» әңгімесінің
үзіндісін оқыңыздар. Асты сызылған сөздердің
синонимдерімен танысыңыздар.**

Таңертеңгі шайдан соң, үй іші де, қонақтар да тысқа шығып
кетті. Абай өзінің үлкен үйінде онаша отыр еді. Алдында үлкен

дөңгелек үстел тұр. Оң жағында үлкен жастық жатыр. Ойда отыр...

– Бұл – орыстың үлкен ақыны Пушкиннің сөзі. Татьяна деген бір қызды бір жігітке ғашық етіп, жаздырған хаты осы екен. Осы үш-төрт күн ішінде қазақшаға аударып және мынадай ән шығарып, осымен айтылсын деген Абай ағам! – деді.

тысқа шығу – далаға шығу

оңаша отыру – жеке отыру

үлкен ақын – ұлы ақын

• Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер:

- Қонақтар қашан тысқа шығып кетті?
- Таңертеңгі шайдан соң кімдер тысқа шығып кетті?
- Абай қайда оңаша отыр еді?
- Оның алдында не тұр?

Жазамыз

22. Сызба бойынша мәтін құрыңыздар.



Сөйлейміз

23. Ойларыңызды ортаға салыңыздар.

- «Жігітке жеті өнер аз, жетпіс өнер көп емес» мақалы кімдер туралы айтылған?
- Бұл мақалды ұлы тұлғаларға қатысты айтуға бола ма?

24. Жоба ұсыныңыздар.

- **Жоба:** «Білімді жастар – еліміздің болашағы» газетін дайындау.

- **Газет айдарлары:**

1. «Көшбасшы» сөзінің шығу тарихы.
2. Қазақты әлемге танытқан тұлғалар.
3. Көшбасшыға айтылатын пайдалы кеңестер.

- **Жоба жасаудың кезеңдері:**

1. Үш топқа бөлініп материалдарды жинаңыздар:
1-топ: «Көшбасшы» сөзінің шығу тарихы туралы
2-топ: Әлемге танымал қазақ елінің тұлғалары туралы
3-топ: Көшбасшыға айтылатын пайдалы кеңестер туралы
2. Жобаға қатысты жинаған материалдарыңызды талқылаңыздар, газет айдарына қатыстысын таңдап алыңыздар.
3. Газет шығаруға жауапты адамдарды белгілеңіздер:
 - редактор
 - суретші
 - тілші
4. «Білімді жастар – еліміздің болашағы» айдарымен газет шығарыңыздар және оны жарнамалаңыздар.

25. Сөздерді жалғаусыз байланыстырыңыздар. Алғашқы сыңарларына сұрақ қойыңыздар.

Үлгі: *Белгілі жазушы*

ЖАЗЫЛЫМ

- 1) тұңғыш, сүйікті, ұлы, дарынды, қабілетті, көрнекті, әділетті, отаншыл
- 2) жазушы, ақын, тұлға, тәрбиеші, президент, бала, басшы

26. Жатыс жалғаулы сөз тіркестерін теріп жазыңыздар.

- семинарияны бітірген
- тәрбиесінде болған
- училищені бітірді
- өмірді суреттеді
- мектепте оқыды
- Павлодар облысында туған
- мектепте оқыған
- сүйікті ақын
- жазушының өмірі
- дарынды жазушы
- қазақ тілінде сөйлейді
- ауылда тұрады
- театрда кездестік
- дүкенде сатылды
- кинофильмде көрсеткен
- үйде отыр

27. Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы арқылы сөздерді байланыстырып жазыңыздар.

1. Атасы мен әжесі... тәрбие...
2. Қаныш Имантайұлы... туған жер...
3. Ғылым академиясы... тұңғыш Президент...
4. қазақ... тұңғыш ғарышкер...
5. әпкесі... тәрбие...
6. Тоқтар... әпке...

28. Жасырын тұрған ілік септігінің жалғауын анықтап жазыңыздар.

Қазақ геологы, қазақ әдебиеті, қазақ тілі, Қазақ ғылым академиясы, Томск технологиялық институты, Қазақстан ғалымдары, ауыл мектебі, авиация генерал-майоры, қазақ елі.

Тыныс белгілерін қойып үйренеміз! Қай кезде (“ ”) қойылады?

ЕСІҢІЗДЕ ЖҮРСІН!

- Газет, журнал, кітап, шығарма, кино т.б. аттары тырнақшаға алынады

29. Тырнақшаны дұрыс қойыңыздар.

1. Мен Мұхтар Әуезовтің Көксерек әңгімесін оқыдым.
2. Мұқағали Мақатаевтың Үш бақытым өлеңін жатқа білемін.
3. Менің әпкем Абай жолы эпопеясын оқыды.
4. Максим Горькийдің Буревестник шығармасының мазмұны әлі есімде.

30. Сөздерді үлгі бойынша байланыстырып жазыңыздар.

белгілі, дарынды, жазушы, шәкірт, білімді, тәртіпті, маман, жазушы, тұңғыш, туған, жер, ауыл, қазақ, университеті, әдебиеті, ғарышкер, мемлекет, басшысы, тәжірибелі, мәмілегер

Үлгі: *қоғам қайраткері*

31. Сөйлемдерді қажет сөздермен толықтырып жазыңыздар.

белгілі сүйікті алғашқы

1. Ол – қазақтың _____ жазушысы.
2. Оның _____ шығармасы – «Еңілік-Кебек» пьесасы.
3. Ол өзінің _____ ақыны Абай туралы эпопея жазған.



СӨЙЛЕУ ЖАҒДАЯТТЫҚ ТАПСЫРМА

XXI ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ

Шоу-бағдарлама

Сіз ұлттық телеарнада режиссер болып жұмыс істейсіз. Сізге “XXI ғасыр көшбасшысы” шоу-бағдарламасына сценарий жазу керек. Ол үшін алдымен викторина сұрақтарын дайындаңыз.

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____
7. _____
8. _____

ТАТУ БОЛСАҢ, АС КӨП ...

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

Жалпылау есімдігі

Жалпылау есімдіктері деп мағына жағынан кем дегенде екі немесе онан да көп заттар мен құбылыстарды жинақтай атау үшін қолданылатын сөздерді айтамыз.

Есімдіктің түрі		Мысалдар
I. Мағынасына қарай	Жалпылау есімдігі	Бәрі, бүкіл, барлық, күллі, бүтін, бар, түгел.

Үстеу

Іс-әрекет, қимылдың түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайларын және сынның белгісін білдіретін лексика -грамматикалық топ үстеу деп аталады.

Түрлері	Мысалдар	
I. Мағынасына қарай	Сын – бейне үстеуі. Қалай? Қалайша? Қайтіп?	әрең, әзер, дереу, жедел, шапшаң, тез, жылдам, кенет, құр, түгел, ауызша, өзгеше, осылай, көйлекшең, тікелей, бірге, зорға, аздап
	Мезгіл үстеу. Қашан? Қашаннан?	кеше, бүгін, ертең, қазір, кешке, биыл, жаздыгүні, қыстыгүні
	Күшейткіш үстеуі. Қалай? Қайтіп? Қандай?	аса, нағыз, ең, өте, тым

Шартты рай

Етістіктің шартты райы қимылдың, іс-әрекеттің болу-болмау, іске асу-аспау мүмкіндігінің шартын білдіреді. Шартты рай етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына **-са, -се** жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *бар-са, жүр-се, оқыт-са, айтпа-са*. Шартты рай тұлғасына жіктік жалғауы жалғанып қолданылады.

Жекеше

Жақ	Соңғы дыбыс	Дауысты, дауыссыз	Жіктік жалғауы	Буын	Мысалдар
I. Мен		-са -се	+м +м	жуан жіңішке	бар+са+м кел+се+м
II. Сен		-са -се	+ң +ң	- -	бар+са+ң кел+се+ң
II. Сіз		-са -се	+ңыз +ңіз	- -	бар+са+ңыз кел+се+ңіз
III. Ол			-са -се	- -	бар+са кел+се

Көпше

Жак	Соңғы дыбыс	Дауысты, дауыссыз	Жіктік жалғауы	Буын	Мысалдар
I. Біз		-са -се	+қ +қ	жуан жіңішке	бар+са+қ кел+се+қ
II. Сендер		-са -се	+ндар +ндер	- -	бар+са+ндар кел+се+ндер
II. Сіздер		-са -се	+ңыздар +ңіздер	- -	бар+са+ңыздар кел+се+ңіздер
III. Олар			-са -се	- -	бар+са кел+се

Себеп-салдар салалас құрмалас сөйлем

Жай сөйлемдерінің бірі екіншісінің себебін білдіретін салаластың түрін **себеп-салдар салалас** дейміз. Жалғаулықтары: *өйткені, сондықтан, себебі* және т.б.

Салалас құрмалас сөйлем түрі	Жалғаулықтары	Мысалдар
Себеп-салдар салалас сөйлем	себебі, өйткені, сол себепті, сондықтан	Ұл бала әкеден тәрбие алады, <i>сондықтан</i> әке балаға үлгі болуы керек.

КӨШЕ – ҚАЛА СӘНІ

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

Сілтеу есімдігі

Меңзеу, нұсқау және көрсету мағыналарын білдіретін есімдіктің түрін **сілтеу есімдіктері** дейміз. Сілтеу есімдіктері қай? қайсы? сұрақтарына жауап береді.

Түрлері		Мысалдар
Мағынасына қарай	Сілтеу есімдігі	бұл , сол, ол, мына, мынау , осы, осынау, міне , әні, сона, сонау, эне, энеки, анау.

Көптік жалғау

Көптік жалғау – жалғанған сөзіне көптік мағына беретін қосымшаның түрі. **Көптік жалғауының** дыбыс үндестігіне қарай алты варианты қолданылады: **-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер**. Мысалы: *қала-лар, мекеме-лер, залым-дар, гүл-дер, кітаптар, көліктер*.

Соңғы дыбыс	Дауысты және үнді р, й, у	Ұяң з, ж және үнді л, м, н, ң	Қатаң және ұяң б, в, г, д
Алдыңғы буын			
Жуан	-лар	-дар	-тар
Жіңішке	-лер	-дер	-тер

Соңғы дыбыс	Дауысты және үнді р, й, у	Ұяң з, ж және үнді л, м, н, ң	Қатаң және ұяң б, в, г, д
Алдыңғы буын			
Жуан	бала+лар	қыз+дар	завод+тар
Жіңішке	әже+лер	әйел+дер	студент+тер

Ауыспалы келер шақ

Ауыспалы келер шақ – қимыл, іс-әрекеттің дәл қазір емес, болашақта орындалатынын білдіретін етістік шағы. Ауыспалы келер шақ ауыспалы осы шақ сияқты **-а, -е, -й** жұрнақты көсемшенің жіктелуі арқылы жасалады. Сондықтан ауыспалы келер шақ пен ауыспалы осы шақ бір-бірінен сөйлемдегі мағынасы жағынан ажыратылады.

Соңғы дыбыс	Дауыссыз	Дауысты	Буын
Жақ			
I. Мен	бар+а+мын кел+е+мін	ойна+й+мын сөйле+й+мін	жуан жіңішке
II. Сен	бар+а+мын кел+е+мін	ойна+й+сың сөйле+й+сің	жуан жіңішке
III. Сіз	бар+а+мын кел+е+мін	ойна+й+сыз сөйле+й+сіз	жуан жіңішке
III. Ол	бар+а+мын кел+е+мін	ойна+й+ды сөйле+й+ді	жуан жіңішке

Көпше

Соңғы дыбыс	Дауыссыз	Дауысты	Буын
Жақ			
I. Біз	бар+а+мыз кел+е+міз	ойна+й+мыз сөйле+й+міз	жуан жіңішке
II. Сендер	бар+а+сыңдар кел+е+сіңдер	ойна+й+сыңдар сөйле+й+сіңдер	жуан жіңішке
III. Сіздер	бар+а+сыздар кел+е+сіздер	ойна+й+сыздар сөйле+й+сіздер	жуан жіңішке
III. Олар	бар+а+ды кел+е+ді	ойна+й+ды сөйле+й+ді	жуан жіңішке

ҚАЗАҚЫ ДАСТАРҚАН

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

Табыс септік

Табыс септік іс-қимылдың тура объектісін көрсетеді. Оның сұрақтары: **кімді? нені?** Жалғаулары: **-ны, -ні, -ды, ді, -ты, -ті, -н.**

Табыс септік	Сұрақтары кімді? нені?			Жалғаулары -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н
Соңғы дыбыс	Дауысты	Үнді, ұяң з, ж	Қатаң, ұяң б, в, г, д	III жақ тәуелдік жалғауы
Буын				
Жуан	-ны / бала -ны	-ды / тағам -ды	-ты / ас-ты	-н / баласы -н
Жіңішке	-ні / әке -ні	-ді / ел-ді	-ті / көкөніс-ті	-н / асханасы-н

Есімше

Есімше – етістіктің ерекше түрі. Есімге де, етістікке де тән грамматикалық белгілерді қамтитын етістіктің категориясы **есімше** деп аталады. Есімше жіктеліп келіп, қимылды, іс-әрекетті белгілі бір шаққа байланысты білдіреді де, сөйлемнің баяндауышы қызметін атқарады. Есімше заттың сындық қасиетін, қатыстық белгісін білдіріп немесе заттанып, заттық мәнде жұмсалады. Ондайда есімше тұлғалы етістік бір зат атауын анықтап тұрады немесе септеліп, көптеліп, я тәуелденіп жұмсалады.

Түрлері	Жұрнақтар	Мысалы
1. Өткен шақ	-ған, -ген, -қан, -кен	даярлаған, айтқан, күткен
2. Келер шақ	-ар, -ер, -р, -с	тәрбие берер, бармас, келмес
3. Дағдылы	а) -атын, -етін, -йтын, -йтін ә) -ушы, -уші,	келетін, оқитын, ұсынатын, көмектесетін, барушы, келуші
4. Мақсат	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	бармақ, келмек, даярламақ, көмектеспек, көрмек, кетпек

Көсемше

Қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі сипатын, амал-сынын, себеп-мақсатын, мезгілін білдіріп, екі түрлі мәнде (бірі етістік мәнінде, екіншісі үстеу мәнінде) қолданылып, екі түрлі қызмет атқаратын етістіктің ерекше түрін көсемше дейміз.

Түрлері	Жұрнақтар	Мысалы
1. Өткен шақ	-ып, -іп, -п	ас беріп, пісіріп, барып, келіп, оқып
2. Ауыспалы шақ	-а, -е, -й	бара, келе, ойнай
3. Мақсат	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі	барғалы, күткелі, кеткелі, айтқалы
4. Мезгіл	-ғанша, -генше, -қанша, -кенше	үнемдегенше, келгенше, барғанша
5. Шарт	-майынша, -мейінше	бармайынша, келмейінше, бермейінше

Тұйық етістік

Тұйық етістік – шақпен, жақпен байланысты болмай, қимылдың атауын ғана білдіретін етістік түрі. Тұйық етістік **-у (-ю)** жұрнағы арқылы жасалады. Мысалы: *баста-у, көр-у, көбе-ю.*

ДЕНСАУЛЫҚ – ЗОР БАЙЛЫҚ

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

Реттік сан есім

Реттік сан есім заттың саналу ретін, орын тәртібін білдіріп, *нешінші?* деген сұраққа жауап береді де, есептік сан есімдерге дауыссыз дыбыстардан соң **-ыншы/ -інші**, дауысты дыбыстардан соң **-ншы/ -нші** жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады.

Түрлері	Сұрақтары	Жасалу жолдары	Мысалдар
Реттік	нешінші?	-ыншы, -інші, -ншы, -нші	бірінші, оныншы, жүзінші, мыңыншы

Сонғы дыбыс	Дауысты	Дауыссыз
Буын		
Жуан	-ншы	-ыншы
Жіңішке	-нші	-ынші

Сын есім

Заттың түрін, түсін, сынын, сипатын білдіретін сөз табын **сын есім** деп атайды.
Сұрақтары: **қандай? қай?**

I. Мағынасына қарай	Түрлері 1. Сапалық 2. Қатыстық	Мысалдар ақ, кара, жеңіл, үлкен таулы, қарлы
II. Тұлғасына қарай	1. Негізгі 2. Туынды	жақсы, әдемі, кең, суық қысқы, ақылды, сынық
III. Құрамына қарай	1. Дара 2. Күрделі	кіші, тар, нәзік, мол ойлы-қырлы, қызыл ала, ұзын бойлы, жақсы-жаман

Туынды сын есім

Туынды сын есімдердің жасалуында үндестік заңы ескеріледі. Қазақ тіліндегі сын есімдер одағайлардан басқа атау сөздерге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады.

Жұрнақтар	Мысалдар
1. -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті	атақты, пайдалы, тасты
2. -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік	қалалық, жылдық, қоғамдық
3. -сыз, -сіз	пайдасыз, білімсіз, ақылсыз
4. -қы, -кі, -ғы, -гі	жазғы, күзгі, қазіргі, ішкі
5. -шыл, -шіл	турашыл, ұйқышыл, көпшіл
6. -дай, -дей, -тай, -тей	таудай, тақтайдай, үйдей
7. -лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес	пікірлес, қызметтес, көршілес
8. -шаң, -шең	көйлекшең, сөзшең, ашушаң
9. -и	әдеби, мәдени, тарихи, әскери
10. -қой	сәнқой, әзілқой, кәсіпқой
11. -қор	жемқор, жалақор, ызакор
12. -паз	өнерпаз, білімпаз, жағымпаз
13. -дар, -дер	қарыздар, білімдар, хабардар

Сын есім шырайлары

Заттың түсі, түрі, сапасы, көлемі біркелкі болмай, рең жағынан әртүрлі дәрежеде болады. Заттың белгісі немесе сипатының бір затта артық, бір затта кем болуын білдіретін сын есім формалары **шырай формалары** деп аталады.

Мысалы: 1) *үлкен+ірек, дәмді+ірек*; 2) *сарылау, сұрлау*; 3) *сап-сары*; 2) *өте сұлу*.

Жай шырай – заттың белгісін, түсін, сапасын, көлемін, салмағын, аумағын және тағы басқа негізгі сыр-сипаттарын білдіретін сапалық сын есімдер жай шырай болып есептеледі.

Салыстырмалы шырай – бір заттың сынын, я сипатын, түсін екінші заттың біртектес сынымен, белгісімен салыстырып көрсетеді.

Күшейтпелі шырай – бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұрады.

Шырай түрлері	Жұрнақтары	Мысалдар
I. Жай шырай		әдемі, жақсы, ақ, көк
II. Салыстырмалы шырай	-рақ, -рек, -ырақ, -ірек -лау, -леу, -дау, -тау, -теу -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт -ғылтым, -қылтым -шыл, -шіл, -шылтым -ілдір -ақ, -қай, -ғыш	жақсырақ, ағырақ, көгірек жақсылау, ақтау, көктеу бозғыл, сұрғылт, сұрғылтым ақшыл, ақшылтым көгілдір бозан, сарғыш
III. Күшейтпелі шырай	1. Күшейтпелі буын арқылы 2. өте, тым, аса, бек, тіпті, нағыз, ең, нақ	жап-жақсы, әп-әдемі, сап-сары, қап-қара өте әдемі, тым жақсы, аса биік, тіпті жақын

ӨНЕРДІ СҮЮ

ГРАММАТИКАЛЫҚ МИНИМУМ

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауының III жағы

Қазақ тілінде ілік септікті сөз тәуелдік жалғаулы сөзбен тіркесіп қолданылады. Ілік септіктегі сөз иеленуші зат (я адам) болады да, тәуелдік жалғаулы сөз соның меншігі, соған тиесілі я қатысты зат болады.

Ілік септік	Тәуелдік жалғауы
-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің әнші+нің өнер+дің домбыра+ның	-ы, -і, -сы, -сі бала+сы адам+ы тиег+і

Жедел өткен шақ

Жедел өткен шақ қимыл-әрекеттің нақтылы болғанын білдіреді. Жедел өткен шақ етістіктің түбіріне *-ды, -ді, -ты, -ті* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалып, жіктеліп қолданылады.

Жекеше

Жак	Соңғы дыбыс	Қатаң	Дауысты, ұяң, үнді	Жіктік жалғау	
					Буын
I. Мен		-ты	-ды	+м	Жуан
		-ті	-ді	+м	Жіңішке
II. Сен		-ты	-ды	+ң	-
		-ті	-ді	+ң	-
II. Сіз		-ты	-ды	+ңыз	-
		-ті	-ді	+ңіз	-
III. Ол		-ты	-ды	-	-
		-ті	-ді	-	-

Көпше

Жақ	Соңғы дыбыс	Қатаң	Дауысты, ұяң, үнді	Жіктік жалғау	Буын
I. Біз		-ты	-ды	+қ	Жуан
		-ті	-ді	+к	Жіңішке
II. Сендер		-ты	-ды	+ң+дар	-
		-ті	-ді	+ң+дер	-
II. Сіздер		-ты	-ды	+ңыз+дар	-
		-ті	-ді	+ңыз+дер	-
III. Олар		-ты	-ды	-	-
		-ті	-ді	-	-

Бұрынғы өткен шақ

Бұрынғы өткен шақ істің әлдеқашан бұрын істелгендігін және сөйлеушінің оның істелгендігіне анық көзі жететіндігін білдіреді.

Жақ	Соңғы дыбыс	Дауысты, ұяң, үнді	Қатаң	Буын
I. Мен		бар+ған+мын	айт+қан+мын	жуан
		кел+ген+мін	кет+кен+мін	жіңішке
II. Сен		бар+ған+сың	айт+қан+сың	-
		кел+ген+сің	кет+кен+сің	-
II. Сіз		бар+ған+сыз	айт+қан+сыз	-
		кел+ген+сіз	кет+кен+сіз	-
III. Ол		бар+ған	айт+қан	-
		кел+ген	кет+кен	-

Жақ	Соңғы дыбыс	Дауысты, ұяң, үнді	Қатаң	Жіктік жалғау	Буын
I. Біз		-ған	-қан	+быз	жуан
